



ЕЛБАСЫ МИХАИЛ МИШУСТИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті.

Кездесуде Н.Назарбаев екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейін атап өтті.

— Қазір біз күрделі кезеңді өткеріп жатырмыз. Қазақстан мен Ресей коронавирустың таралуына және оның экономикаға тигізетін салдарына байланысты қиындықты бірлесіп еңсеруде. Жуырда Владимир Путинмен кездесіп, өзара кеңестік. Жұмысты әрі қарай жалғастырамыз, — деді Елбасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті екіжақты қатынастарды нығайту және Еуразия экономикалық одағы аясында өнірлік ықпалдастықты одан әрі дамыту мәселелеріне тоқталды.

Михаил Мишустин Нұрсұлтан Назарбаевқа қонақжайлығы үшін ризашылығын білдіріп, Ресей Федерациясы Президентінің жылы лебізін жеткізді.

Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Қазақстанға сапары аясында жүргізген келіссөздер мен кездесулердің нәтижесі туралы айтып берді.

Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Қазақстанда цифрландыру саласында қабылданған шешімдерге қатысты пікірін білдірді. Сондай-ақ коронавирус инфекциясының таралуына қарсы бірлескен шараларды жүзеге асыру мәселесіне тоқталды.

— Кеше «электронды үкіметке» арналған орталықты араладым. Жұмыс өте тиімді ұйымдастырылған. Сіздер үшін де ашық екенімізді айтқым келеді, біздің еш-

қандай құпиямыз жоқ; Ресей Үкіметінің үйлестіру орталығында атқарылған жұмысты әрдайым көрсетіп жүрміз. Бірақ сіздердің соңғы заманауи жаңалықтарды жылдам енгізіп жатқандарыңыз мені таңғалдырды. Коронавирусқа келер болсақ, біз бұл қатерлі вирусқа қарсы күресте қолдан келгенін бәрін жасап жатырмыз. Бүгінде Спутник V вакцинасы Қарағанды фармацевтикалық зауытында жасалады. Оның 5 миллион дозадан астамы шығарылды. Бұл — үлкен жұмыс. Қорыта айтқанда, біз бауырлас тату көршілік қатынастарды жоғары бағалаймыз. Алдағы уақытта да екіжақты ынтымақтастықты, сондай-ақ Еуразия экономикалық одағы аясындағы қарым-қатынасты жан-жақты дамытқымыз келеді, — деді М.Мишустин.



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ӘРІПТЕСТІК ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРМЕК

Қазақстан Президенті Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресей үкіметтері басшыларының өткізген келіссөздерінің қорытындысын жоғары бағалады.

Қазақстан Президенті болашақта экономикалық байланыстарды арттырудың әлеуеті зор екеніне назар аударды.

— Біздің жоспарымыз нақты жобаларды жүзеге асыру арқылы ынтымақтастығымызды нығайта түсу. Қазіргі уақытта екі ел үкіметтері машина жасау, ауыл шаруашылығы және басқа да аса маңызды салаларда ірі жобаларды жүзеге асыруға күш жұмылдыруда. Бұл

бағыттағы жұмыстарды жалғастыра беруіміз керек. Сіздің осы жұмысқа деген құлшынысыңызды құптаймын және табысты болатынына сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті болашақта экономикалық байланыстарды арттырудың әлеуеті зор екеніне назар аударды.

Ресей Премьер-Министрі Михаил Мишустин Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлығы үшін алыс білдіріп, Президент Владимир Путиннің сәлемін жеткізді.

— Біз бауырлас Қазақстанмен арадағы достық, әріптестік және одақтастық қатынастарымызды жоғары бағалаймыз. Үкіметтеріміз арасындағы байланыстардың мазмұны терең. Бірлесіп жұмыс істеуге зор мүмкіндіктер бар.

Сауда-экономикалық ынтымақтастығымыз жақсы дамып келеді. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында өзара тауар айналымы үш есеге артты. Жылдың соңына дейін сауда айналымынан өте жоғары көрсеткіштер күтеміз және оған барлық мүмкіндіктер бар, — деді Михаил Мишустин.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Ресейдің пандемияға қарсы күрес және бірлесіп вакцина шығару сияқты өзара іс-қимылдағы басым бағыттар туралы сөз болды. Тараптар аймақтар арасындағы байланыстардың он қарқынды туралы да пікір алмасты. Бұл қатынастарға осы күзде Көкшетау қаласында мемлекет басшыларының қатысуымен өтетін кезекті Аймақаралық ынтымақтастық форумы тың серпін береді.

Аймақтың экономикалық жағдайы баяндалды

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Даниал Ахметовтің аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есебін тыңдады.

Облыс әкімінің айтуынша, физикалық өсім индексі 5 пайызға жетсе, негізгі капиталға салынған инвестиция 5 пайыздан асқан. Ауыл

шаруашылығы мен құрылыс салаларында едәуір өсім байқалады.

Кездесуде экономиканы одан әрі дамыту перспективалары талқыланды. Атап айтқанда, өндіріс қарқынын екі есе арттыруға мүмкіндік беретін «Ақтоғай» металлургия кешенінің екінші кезегін аяқтау мәселесі сөз болды.

Даниал Ахметов Мемлекет басшысын бұқаралық спортты дамыту жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы барысы туралы да хабарлар етті. Мек-

тептегі спортты дамытуға қосымша 890 миллион теңге бөлінген. Бүгінде мектеп оқушыларының 50 пайыздан астамының спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар. Биыл тағы 15 ірі спорт нысанының құрылысын аяқтау жоспарланған.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді орындау маңызды екенін атап өтіп, өңірдегі көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға үздіксіз көмек көрсетуді тапсырды.

Президент Хакаланы қабылдады



Мемлекет басшысы Еуропалық одақтың Орталық Азия бойынша арнаулы өкілі Тери Хакаланы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тери Хакаланы Еуропалық одақтың Орталық Азия бойынша арнаулы өкілі лауазымына тағайындалуымен құттықтап, қызметіне табыс тіледі.

Тери Хакала Қасым-Жомарт Тоқаевқа Еуропалық кеңестің Президенті Шарль Мишелдің сәлемін жеткізді. Онда кеңес басшысының Қазақстан Президентінің осы жылдың соңына дейін Брюссельге шақыратыны айтылған.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропалық одақпен өзара стратегиялық іс-қимылына он баға берді. 2020 жылдың наурыз айында күшіне енген Кенейтілген

әріптестік және ынтымақтастық жөніндегі келісім осы қатынастарға тың серпін берді.

Халықаралық күн тәртібін талқылау барысында Ауғанстандағы жағдайға ерекше мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанда күрт өзгерген әскери-саяси жағдайға байланысты туындап отырған сын-қатерлерге аландылық білдірді. Президенттің айтуынша, бұл жағдайдың бар ауырталығы қактығы аймағына жақын орналасқан Орталық Азия мемлекеттеріне сезіліп отыр.

Тараптар Ауғанстанның барлық аумағында жуық арада жағдайдың тұрақталып, қоғамдық тәртіптің орнығуына, адам құқықтары мен еркіндігінің сақталуына және Кабулдың халықаралық әуежайынан адамдарды кедергісіз

көшіруге қатысты пікірлерін білдірді.

Қазақстан Президенті мен анаулы өкілі Орталық Азия елдері мен Еуропалық одақ арасындағы қарым-қатынаста аталған мәселенің маңызын ескере отырып, байланыстарды қолдауға дайын екендерін нақтылады.

Тери Хакала Қазақстанның төрағалығымен Женевада өтетін Дүниежүзілік сауда ұйымы министрлерінің конференциясын қолдайтынын айтты.

Әңгімелесу барысында тараптар Орталық Азия мемлекеттерінің өзара іс-қимылдары мен келешегі, оның ішінде Түрікменстанда өткен Мемлекет басшыларының үшінші консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша пікір алмасты.

Ауғанстан қазақтары елге орала ма?

Ауғанстандағы саяси ахуал бүгінде әлем назарын аударып отыр. Ал қазақстандықтар «Талибан» қозғалысы күштерінің Орталық Азияға бет бұруынан қауіптенумен қатар, аталған елдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің тағдырына да алаңдайды. Интернетте Ауғанстандағы қазақтардың саны жөнінде түрлі қауесет те көп тарап жатыр.

5 ►►



ҰБТ төңірегіндегі түсініспеушілік

Грант иегерлері тізімі жарияланғалы бері ҰБТ төңірегіндегі түсініспеушілік толастар емес. Бірі жалған құжат жасатудың жырымен әлек болса, енді бірі «ақпарат ашық болған жоқ» деп уәж айтады. Шығармашылық емтихан тапсыратындар үшін бөлінетін грант саны жайлы мәлімет емтиханнан соң жарияланғаны тағы бар. Бұл да ата-ана мен оқушы үшін қолайсыздық тудырған.



ЖАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАСАУДЫҢ ӘЛЕГІ

Тамыз айының басында ел бойынша 19 талапкердің ҰБТ-дан жиған ұпайы жойылғаны туралы ақпарат тараған еді. Кейінірек елордада мектеп бітірген төрт түлектің орнына адам кіргізіп, ҰБТ тапсыруға тырысқаны белгілі болды. Жалған құжат жасатқан түлектердің аты-жөні белгісіз. БҒМ әуелден заңбұзушылыққа барған түлектердің аты-жөнін жарияламайтынын хабарлаған. Дегенмен әлеуметтік желіше шоумен Тұрсынбек Кабатовтың қызы Әдемі Аманғалидың тегісіне орнына басқа адамды кіргізбек болғаны жазылып, жалған құжаттың суреті жарияланды. Осыдан кейін ел арасында дүрбелең туып, тараптар барынша ақталуға тырысып жатыр.

(Жалғасы 4-бетте)

Кәсіпкерлер кебек экспортын шектеуге қарсы

Биылғы қуаңшылық малға да, жанға да ауыр тиіп тұр. Алдағы қыстан қысылмай шығу мақсатында Қазақстанның сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия 15 тамыздан бастап алты айға жемшөп, атап айтқанда 5-санатты жұмсақ бидай, арпа, сондай-ақ жом мен күнжара экспортына шектеу енгізу туралы шешім қабылдаған болатын. Алайда Астықты қайта өңдеушілер одағына Ауыл шаруашылығы министрлігінен келген хатта бұл тізімге кебек те енгізіліпті. Солтүстікқазақстандық кәсіпкерлер кебек экспортын шектеумен келіспей отыр. Олардың ойынша, бұл шектеу жемазық тапшылығы мәселесін шеше алмайды.

(Жалғасы 7-бетте)



Әр азаматтың аманаты – басты назарда



Парламент Мәжілісінің депутаттары Мәлік Құлшар мен Снежанна Имашева Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келді.

Халық қалаулылары ең алдымен тұрғындар мен жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесіне ден қойды. Партияның сайлауалды

бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Жол картасының орындалуымен қатар, аталған мәселені шешуде өзіндік ықпалы бар кеңсе мен үйге арналған ірі корпусық жиһазды құрастырушы «Квант» ЖШС фабрикасының жаңа цехтарының жұмысымен және қызметкерлердің өндірістегі жағдайымен танысып, жұмыс барысын

тексерді. «Квант» ЖШС жиһаз фабрикасы шамамен құны 2 млрд теңге болатын жаңа цех ашып, 22 мыңдай өнім түрін өндіріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Кәсіпорын 2015 жылы «Бизнестің Жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында іске қосылған. Экспортталатын өнімдердің негізгі бөлігі Арменияға, Қырғыз Республикасына және Ресейге жеткізіледі. Елбасының тапсырмасы бойынша елімізде шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау білдіруде. Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасы аясында белгіленген барлық индикаторды жүзеге асыру мақсатында компания басшылығының жыл сайын жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, өңіріміздегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге елеулі үлес қосып жатқанын баса атап өтті.

М. ХАҚНАЗАР

«Алатау Жарыққа» айыппұл салынды



«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на 4,6 млн теңге айыппұл салынды. Табиғи монополияларды реттеу комитетіне қарасты Алматы қаласы бойынша департаментінің мәліметінше, Gorsvetgroup ЖШС-ның өтініші бойынша «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілген.

Тексеріс нәтижесінде «Табиғи монополиялар туралы» заңның 26-бабы 2-тармағы 8-тармақшасы бұзылғаны анықталды. Атап айтқанда, «Алатау Жарық Компаниясы» үлгілік шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі үшін тұтынушылармен жеке шарттар жасасапған. Осыған байланысты ТМРБД-ның қаулысымен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодекстің 164-бабы 4-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартып, 4 млн 667 мың 200 теңгеге айыппұл салды. Айта кетерлігі, департамент қаулысына қатысты Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша мамандандырылған ауданаралық сотына шағым түскен. Алайда департамент қаулысы күшінде қалды.

Ж. МҮСЛІМ

Екі күзетшіні ұрған полицей қамалды

Қапшағайда кафенің екі күзетшісін ұрған полицейлер уақытша ұстау изоляторына қамалды. Бұл туралы Алматы облыстық Полиция департаментінің бастығы Серік Күдәбаев Instagram желісінде тұрғындармен жүргізілген тікелей эфир барысында айтты.



«Бейнежазда күзетшілерді ұрып жатқан полиция қызметкерлері екені көрініп тұр. Бірден ол адамдар ішкі істер органынан жұмыстан шығарылды. Кафедегі барлық адамнан түсініктеме алынды. Олар да полицейлердің тарапынан бұзақылық әрекеті болғанын растап берді. Екі күзетшіден бұзақыларды қылмыстық жауапқа тарту жөнінде арыз түсті. Біз өз ұстанымымызда қаламыз, заңды бұзғандар жауапқа тартылады. Тәртіп бұзған барлық полицей-

лер заң алдында жауап береді. Кеше олар ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды», – деді ол.

Өткенде Қапшағай дәмханаларының бірінде үш полицей мас күйінде төбелес шығарды деп

айыпталған. Тәртіп сақшыларының түнгі оқиғаға қатысы баржоғы көшедегі бейнебақылау камерасынан түсірілген бейнежазбамен расталды.

Н. ЕРЖАНҚЫЗЫ

«Алтын белгіге» талап күшейтілмек



Елімізде «Алтын белгі» төсбелгісін ақтауға қойылатын талаптар күшейтіледі. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясында мәлімдеді.

Келесі жылдан бастап «Алтын белгі» төсбелгісін ақтауға қойылатын талаптар жыл сайын кезең-кезеңімен қайта қарастырылатын болады. «Өздеріңіз білесіздер. Былтыр бұл мәселені көтердік, өзгерістер енгіздік. Биыл екінші кезең. Онда талапкерлер тек жылдың соңында ғана емес, сонымен қатар әртотқанда 5-11-сыныптарға дейін сабақ үлгерімі бес болуы керек. Мұндай талап енгізіліп жатыр, менің ойымша, бұл – маңызды талап», – деді министр.

М. ЖАДЫРА

СІМ Ауғанстандағы жағдай бойынша мәлімдеме жасады



Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, Қазақстан Ауғанстандағы жағдайдың даму барысын мұқият қадағалап отыр.

«Аталған елдің тарихында тағы бір шешуші сәт келе жатыр. Көпжылдық жанжалды ауған халқы өзі шешуі керек. Қазақстан барлық тарапты ішкі тұрақтандырудың басты алғышарты ретінде биліктің бейбіт транзитін қамтамасыз етуге шақырады. Біз БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің инклюзивті және өкілдік үкімет

құру, ұлттық азшылықтар мен әйелдердің құқықтарын құрметтеу, басқа мемлекеттерге қауіп төндіретін топтардың болуына жол бермеу, халықаралық құқықты сақтау туралы мәлімдемесін қолдаймыз» делінген хабарламада.

Ведомствоның мәлімдемесінде осы ережелерді орындау Ауғанстанның жаңа билігімен диалогті бастау үшін қажетті шарт болуға тиіс екені жазылған.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Екінші отандық вакцина сынақтан өтті



Қазақстанның Білім және ғылым министрлігінің Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Зәкария екінші қазақстандық вакцинаның жайы туралы айтты.

«Институт ғалымдары қолданыстағы QazVac вакцинасымен қатар екінші суббірлікті Qaz Covac Р вакцинасын жасап шығарды. Екінші отандық вакцина алғашқы клиникалық сынақтан сәтті өтті. Бүгінде екінші клиникалық сынақ жүргізіліп жатыр», – делі ол тамыз конференциясы барысында.

Оның айтуынша, қазақстандық ғалымдар коронавирусқа қарсы өзге де вакциналарды жасап жатыр.

Айта кетері, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусқа қарсы қазақстандық екінші вакцинанан үміткер ретінде 2020 жылдың тамызында тіркелді.

Гүл БЕКЗАТ

Телефоннан өрт шықты

Павлодар облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, 19 тамыз күні 10.20 сағатта Нұркін көшесі бойындағы 2 қабатты тұрғын үйде өрт шыққан.

– Екінші қабаттағы пәтердің жатын бөлмесінде өрт шығып, үй заттары мен жиһаздар жанған. Жалын 20 шаршы метр аумақты шарпыды. Сағат 11.00-де өрт толығымен өшірілген. Оқиға орнынан 2002 жылы туған бойжеткен ауруханаға жеткізілді. Қыздың басын 30 пайыз күйік шалған, – деді қалалық ТЖ басқармасының басшысы м.а. Тілекжан Гәлімов.

Өрттің шығуына электр құралдарын қолдану кезінде өрт қауіп-

сіздігі ережесінің бұзылуы себеп болған. Төсектің үстінде қуаттау көзіне қосылу жатқан ұялы телефоннан өрт тұтанған. Ол алдымен

матрасты шарпыған. Зардап шеккен қыз бұл кезде төсекте ұйықтап жатқан екен.

ДАСАУ



Екпені қағаз жүзінде жүргізген

Жамбыл облысында ветеринарлар жалған құжат жасапты.

Олар соңғы екі жыл бойы екпе жұмыстарын тек қағаз жүзінде жүргізіп келген. Ал негізінде төрт түліктің басым көпшілігіне вакцина салынбаған.

Ветеринарлар өңірдегі мал санын арнайы базадан алып, сол арқылы қаншама доза вакцинаны жойып отырған. Кейбір шаруашылық иелері ол малды әлдеқашан сатып жіберген екен, ал базадан алуға үлгермеген. Мәселен, Мойынқұм ауданының ветеринар дәрігері 350 бас малға екпе саламын деп 2 мың доза вакцинаны есептен шығарыпты. Енді заң алдында жауап береді.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері кейбір мал дәрігерлерінің дип-

ломсыз жұмыс істеп келгенін де анықтады.

«Жетіөбө ауылдық округіндегі ветеринарлық пунктке жоғары білімі жоқ адамды басшы етіп тағайындаған. Сондай-ақ бұл салада ешқандай тәжірибесі жоқ маманды жетекші жұмыстарға бекіткені белгілі болды. Қазір бұл

азаматтар атқарып отырған қызметінен босатылып, ветеринарлық станса басшысы әкімшілік жауапқа тартылды», – деді облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бас маманы Қайрат Ақмұрзаев.

ДАСАУ



Ұлт саулығын ойлау маңызды



«Nur Otan» партиясының Қызылорда қаласы филиалы жанындағы «Ұлт денсаулығы мәселелері және білім мен ғылымды дамыту» жөніндегі кеңес құрамы бас қосты. Сондай-ақ сайлауалды бағдарламада көрсетілген Тұрғындарды скринингтік зерттеулер жүргізумен қамтуды арттыру бойынша №6 қалалық емханада, қала мектептерін химия, биология, физика пәні кабинеттерімен жаратқандыру мәселесі бойынша Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектепте мониторинг жүргізілді.

Кенес отырысында Қызылорда облысының Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жалғасбек Тұрлыбекұлы тұрғындардың денсаулық жағдайына байланысты есеп берді. «Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын әрі осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы» ережеге сәйкес, қала көле-

мінде скринингтік тексеруге жас шамалары бойынша 2021 жылға жоспарланған тұрғындар саны – 134 689. 7 ай көлемінде тексеруден өткендер саны – 90 052 (66,9%). Анықталған науқастар – 3008 (3,3%). Нәтижесінде, 1 046 науқас анықталып, олардың 83 пайызы диспансерлік есепке алынды. Қант диабеті ауруы бойынша жоспарланған 28 465 тұрғынның 65 пайызы тексеріліп, 399 адамнан

ауру анықталды. Олардың 37 пайызы уақытылы диспансерлік есепке алынды. Ал глаукома бойынша 28 479 адам жоспарланып, толық скринингтік тексерумен 65,6 пайызы қамтылды. 199 науқас анықталып, оның жартысы диспансерлік есепке алынды, – делі ол.

Сонымен қатар сүт безінің қатерлі ісігі бойынша жалпы жоспарланған 17 945 әйелдің 11 мыңнан астамы тексеруден өткен. 1 060 әйелден ісік алды ауру және 21 әйелден ерте сатысындағы қатерлі ісік ауруы анықталған. Жатыр мойны қатерлі ісігінің алдын алу бойынша жүргізілген скринингтік тексерулермен жоспарланған 15 314 әйелдің 11 596-сы қамтылған. 265 әйелден ісік алды, 12 әйелден ерте сатысындағы

қатерлі ісік анықталыпты. Ток ішек және тік ішек қатерлі ісік ауруы бойынша жоспарланған 16 024 тұрғынның 11 620-сы тексерілген. 39 науқас анықталып, оның ішінде 6 қатерлі ісік анықталыпты. Жалпы, қала тұрғындарын скринингтік тексеру жұмыстары жыл соңына дейін жалғаспак.

Бұдан бөлек, Жол картасы белгіленген 2025 жылға қарай Қызылорда қаласының барлық мектептері химия, биология, физика пәндері кабинеттерімен кезең-кезеңімен жаратқандыру мәселесі бойынша Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Қонақбайқызы баяндады.

– 2020-2021 жылғы оқу жылында қалалық білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық қорын нығайту бағытында 48 жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етуге 383 миллион теңге қаржы қаралды. 16 физика, 14 химия, 18 биология кабинеті жабылды. Облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен 2021-2022 жаңа оқу жылында білім беру ұйымдарының 9 мекемесіне заманауи 11 модификациялық кабинет іске қосылады деп жоспарлады.

Жиын кезінде партия тарапынан «Ұлт денсаулығы мәселелері және білім мен ғылымды дамыту» жөніндегі мәселелерді әлі де зерделеп, жауапты мамандарға проблемалардың шешімін табу тапсырылды.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Әлеуметтік мәселелер қаралды



«Nur Otan» партиясының Батыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы жұмыспен қамтуды ұйымдастыру және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібінде партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі мәселелер қаралды.

Өңір бойынша Жол картасының бағыттарына сәйкес, инклюзивті білім беру, балаларға арналған оқу орталықтарында 150 орынға дейінгі жағдай жасау жайы сөз болды. Сондай-ақ осыларға қатысты 2021 жылы бірыңғай онлайн портал құрып, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға «Жанұя» орталығын ашу секілді проблемалар

көтерілді. Кенес кезінде Батыс Қазақстан облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Ділдахыскакова баяндама оқыды.

«Облыстық Жол картасында көрсетілген 4 тармақтың бүгінде 2 тармағы орындалды десек те болады. Нақтырақ айтатын болсақ,

ерекше қажеттіліктері бар жандарға арналған 150 орындық «Әлеуметтік оңалту орталығын» ашу бойынша Орал қаласының «Ақжайық» шағынауданында 5,8 га жер телімі бөлінген. Қазір Құрылыс басқармасы мен «Асем-жобакұрылыс» ЖШС арасында келісімшарт жасалып, орталықтың құрылысына республикалық бюджеттен 4,1 миллиард теңге қаражат қарастырылды. Орталықтың аяқталуы 2023 жылға жоспарланған. Биыл 1 тамыздағы ақпаратты назарға алатын болсақ, облыс бойынша 1 133 нысан бейімдеуге жатқызылады. 82 нысан кимыл-

тірек қозғалысы бұзылған жандарға, 70 нысан арбаға танылған жандарға, 105 нысан есту қабілеті бұзылған жандарға және 20 нысан көру қабілеті бұзылған жандарға арнайы бейімделген», – делі ол.

Жыл басынан бері Батыс Қазақстан облысы әлеуметтік қызмет көрсету порталына толықтай көшірілген болатын. Қала аумағында ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша Тен Қоғам орталығы және зейнеткерлерге арналған «Белсенді ұзақ өмір» орталықтары қызметтерін жалғастырып келеді. «Жанұя» орталығының ашылуына көп уақыт өтпесе де, бүгінге дейін 691 адам келіп жолыққан екен. Оның ішінде 108 адамға психологтердің, 432 адамға әлеуметтік сұрақтар бойынша, 151 адамға сангерлік көмек көрсетілген.

Басқосу кезінде мүгедек жандардың күнделікті тұрмыстық қажеттіліктеріне байланысты сұрақтар талқыланып, басқарма басшылығына жолданды. Кенес мүшелері тарапынан онлайн форматта ұйымдастырылған отырысқа қатысушылардың кейінгі жиналыстарға толық қатысуы талап етіліп, сайлауалды бағдарламада нақты көрсетілген мәселелердің шешілуін қадағалау бойынша бірқатар ұсыныс енгізілді.

М.ТӨЛЕУ

Партия атын жамылған алаяқтар шықты



Әлеуметтік желі мен басқа да жерлерде алаяқтар өздерін «Nur Otan» партиясының қызметкері ретінде таныстырып, қазақстандықтарды алдау дерегі жиілеп жатыр. Партияның баспасөз қызметі бұл ақпарат шындыққа жанаспайтынын айтып, ресми түрде мәлімдеме жасады.

«Құрметті достар! Соңғы кезде азаматтардан бөгде адамдардың өздерін түрлі құрылымдардың, соның ішінде «Nur Otan» партиясының қызметкерлері ретінде көрсетіп, әлеуметтік төлемдерді алғаны және 1414 сервисінен түскен қолты хабарлау керектігін айтып қонырау шалуына байланысты шағымдану жағдайлары жиілеп кетті.

Партияның баспасөз қызметі бұл ақпарат шындыққа жанаспайтынын ресми түрде мәлімдейді. Азаматтарды сак болуға және жеке ақпаратты бөгде адамдарға бермеуге шақырамыз. Алаяқтарға қатысты шаралар қабылдау туралы өтініш құқық қорғау органдарына жіберілді», – делінген хабарламада.

Аймақтар газбен қамтылып жатыр



«Nur Otan» партиясының сайлауалды жоспарын іске асыру аясында Қызылорда облысында бірінші жартыжылдықта Жосалы мен Жалағаш ауданының орталықтары табиғи газбен толықтай қамтылды. Қазір партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» өңірлік сайлауалды бағдарламасы 16 пайызға орындалып үлгерген.

Жалпы, алдағы 5 жылда 19 елді мекенді газбен қамту жоспарланған. Жыл соңына дейін Жол картасы аясында Қазалы қаласы Шиелі ауданының Бекежанов және Қоламанов ауылдары табиғи газға толық қосылады. Осылай тұрғындардың газ тұтыну үлесі 67,4 пайызға жетеді деп жоспарланған.

Сонымен қатар Кармакшы ауданындағы Төретам және Ақай ауылдарының электр желілерін кеңейту және жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Ал бұқаралық спортты дамыту аясында жакында Жалағаш ауданында жабық жүзу бассейні пайдалануға берілді. Кешен бір уақытта 20 адамға дейін қабылдай алады. Алдағы уақытта оқушыларға арналған тегін жүзу үйірмесі ашылмақ. Оған 20-ға жуық оқушы қабылданып, көпбалалы отбасылардан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жеңілдіктер қарастырылмақ. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен қарттарға бассейнге күніне 1 сағат тегін кіру мүмкіндігі берілмек.

2025 жылдың соңына дейін өңірде тағы 19 жаңа спорт нысаны салу жоспарланған. Оның ішінде 5 спорттық-сауықтыру кешені, 12 стритбол алаңы және 2 жүзу бассейні салу көзделіп отыр.

Биыл Қызылорда қаласы бойынша «Бастау – бизнес» жобасы арқылы кәсіпкерлік негіздерін оқуға 535 адам қатыспақ. Сәуір айынан бастап 641 азаматтың кәсіптік жобасы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасына жолданған. 528 азамат оқу курстарын аяқтап үлгерген. Оның ішінде 102 азамат мемлекеттік грант алды.

Жалпы, грант 660 азаматқа жоспарланған. Қазір 482 азамат мемлекеттік грант алып, шағын кәсібін ашқан. Мал шаруашылығымен 122 адам, құс шаруашылығымен 30 адам, көлік жөндеу орындарын ашқан 54 адам, тігін шеберханасын ашқан 156 адам, кондитерлік цех ашқан 120 адам тіркелген. Партия тарапынан бұл игі істер одан әрі жалғасын таппақ.

М.ХАҚНАЗАР



Өркениетті ел болып, дамужолын қаладан тапқанымызбен, ауылдың алар орны ерекше. Бүгінде Ақтөбе облысы аумағында 315 ауыл орналасқан. Ауыл халқы 253 мың адам немесе өңір халқының 28%-ы. Ауылдардың дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Биыл облыста ауыл өкімдерін сайлау 35 ауылдық округте өтті. 84 елді мекенді қамтыды. Мұғалжар ауданы Қайыңды ауылдық округіне сайлаушылардың сенімінен шыққан жас Нұрболат Жалғас өкім болып келді.

БЕРЕКЕЛІ АУЫЛ – ТАБЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ!
Тұрғындардың басым көпшілігі дауыс беру нәтижесінде Қайыңды ауылдық округінің өкімі болып Нұрболат Жалғас сайланды.

Жаңадан сайланған округ өкімін ауыл тұрғындарына аудан өкімі Асқар Шерияздов таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі. Нұрболат «Өкім болып сайлану үшін үміткердің жасы 25-ке толған, қабілетті,

Жас келсе – іске

мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сондай-ақ сотталмаған және сыбайлас жемқорлық қылмыс, құқықбұзушылық жасау дерегі болмауы керек» деген қағидаға сай болды. Өйткені оның жасы 30-да. Мемлекеттік қызметте еңбек өтілі бар.

«Берекелі ауыл – табысты мемлекет!» дейді Нұрболат Жоламанұлы. Ол осы қағидаға тұмар етіп ұстайды. Өз ауылының болашағына сенімді. Ауылдықтар да оған арқа сүйейді.

ОСЫ АУЫЛДЫҢ БАЛАСЫ...

Жалпы, Қайыңды ауылдық округінде 1 225 адам тұрады. Нақтылап айтсақ, Қайыңды ауылында – 697, Алтынды ауылында 528 тұрғын бар.

Ауылдың тұрғындары өз ауылының баласына дауыс берді. Олай деуге басты себеп, Нұрболат осы ауылдың топырағына аунап өсті. Балалығы да, жастық шағы да осы жерде өтті. Нұрболат Жалғас 1991 жылы Қайыңды ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің

тәмамдаған. Мемлекеттік қызметте 8 жылдан астам уақыт қызмет атқарып келеді. Осы қызметке сайланғанға дейін Қайыңды ауылдық округі өкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарды.

– Осы Қайыңды ауылында туып-өстім. Бала кезден ата-анам мені адалдыққа, еңбексүйгіштікке, туған жерді сүюге үйретті. Мен де екі баламның бойына осы құндылықтарды сіңіруге тырысамын. Туризм мамандығы бойынша жоғары білім алған соң ауылға келіп, Қайыңдының дамуына үлес қосуға бел будым. Сол себепті еңбек жолымды Қайыңды ауылдық округі әкімдігінен бастадым. Өуелі қатардағы маман, содан соң бас маман болып тағайындалдым, – дейді жас өкім.

КҮШІМДІ АУЫЛҒА САЛАМЫН...

– Елмен етене араласып жүргендіктен де, ауыл тұрғындарының күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей білемін. Жолдардың нашарлығы, жарықтың әлсін-әлсін сөнугі, амбулаторияның, балабақшаның жағдайы бәрімізді де тол-



ғандырады. Сондықтан Алтынды ауылында амбулатория ашылуына ықпал етемін. 2023 жылы Алтынды ауылында мектеп ашылатын болады. 2024 жылға қарай Алтынды-Қайыңды бағытындағы 32 км электр желісін қайта жанарту және кеңейтуге күшімді саламын, – дейді Нұрболат Жоламанұлы.

Сонымен қатар жас өкім 2025 жылы Ембі-Алтынды 56,7 км автожолы, Алтынды-Қайыңды 35 км автожолын орташа жөндеуге ықпал етемін, 2024 жылы Қайыңды дөңіретілік амбулаториясына күрделі жөндеу жүргізілетінін атап өтті. Ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінген өкім қосымша қаржыландыру көздерін табуға ниет-

тенген. Сол арқылы 2022 жылы «Шапағат» балабақшасына ыңғайлы ғимарат қарастыруға. 2024 жылы Алтынды ауылында заманауи жабықталған спорт алаңын салуға құс салатынын жеткізді.

Ауылдың болашағы үшін жұмыс істеймін деген жас өкім «Инвесторларды тарту және жаңа жұмыс орындарын құру бойынша жұмысты жандандыруға, кәсіпкерлік бастамаларды көтермеуге, ауылда шағын және орта бизнесті дамытуға, ауылдық округ тұрғындарының салауатты өмір салты мен мәдени демалысын қолдауға өз үлесімді қосамын» дейді.

Ә.БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ДИҚАНДАР НЕГЕ АЛАҢДАУЛЫ?

Биылғы қуаңшылық Сыр диқандарына оңай тиген жоқ. Өңірдегі Сырдария өзеніне судың жылдағыдан аз мөлшерде түсуі, әсіресе күріш шаруашылығына қиындық туғызды. Күріш өнімділігінен 7 жыл бойы рекордтық көрсеткішке жеткен диқандар биыл толағай табыс күтпейді. Жаз бойы атыз жағалаған еңбегі мен кеткен шығын өтелсе, соған да қанағат етуге мәжбүр.

Ерқанат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ

Жалпы, биыл Қызылорда облысы бойынша 188 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Оның ішінде өңірдің негізгі дақылды күріш егісінің көлемі 83,6 мың гектарды құрапты. Өткен жылмен салыстырғанда 6 мың гектарға күріш көлемі қысқартылып, орнына барлығы 9,8 мың гектар болатын суды аз қажет ететін әртараптандыру бағытындағы майлы және мал азықтық дақылдардың қатар көкөніс, бакшаның егіс көлемдері артқан. Сонымен қатар 53,5 гектар жерге жеміс-жидектер мен жүзімдіктер егілген.

Қазір облыстың оңтүстік аудандарында егін жинау жұмыстары басталды. Бекітілген кестеге сәйкес бидай, арпа және сұлы дақылдарын жинау жұмыстары аяқталды, мал азығы, майлы, картоп, көкөніс және бакша дақылдарын жинау жұмыстары жүрде. «Негізгі дақыл күрішке орақ салу жұмыстары тамыз айының үшінші онкүндігінде басталады», — дейді облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандары. Сондай-ақ ма-

мандар жасаған болжамға сәйкес, күріштен жиналатын өнім көлемі өткен жылдың деңгейінде болады деп отыр. Егін жинау жұмыстары 15 қазаннан кешіктірмей толық аяқтау жоспарланыпты.

Өңірдегі ірі шаруашылықтардың бірі «Абай-Дәулет» ЖШС директорының орынбасары Марат Сәрсенбаев биылғы егін кезінде диқандар едәуір қиындыққа кезіккенін айтады. Қуаңшылық салдарынан өткен жылға қарағанда күріш егісінің көлемін қысқартқан көрінеді.

— Биыл су тапшылығына байланысты су насостарын көп қолдандық. Өзіңіз білесіз, қазір барлық тауардың құны қымбаттаған. Сол себепті егістікке кеткен шығынымыз жылдағыдан көп болды. Шаруашылықтар кезектесе су алу арқылы күрішті уақытында суға бастырдық. Алайда күннің жылдағыдан ерекше ыстық болуы да күріштің ауруға шалдығуына сеп болды. Кезектесіп су бастыру кезінде уақытымызды күтіп, арашөптердің көптеп шығуына есер етті. Сол себепті Сыр күрішшілері жылдағыдай рекордтық көрсеткішке қол жеткізеді деп айта алмаймын. Алайда егіннің шығуы деңгейіне көңіліміз толады. Су тапшылығына бай-



ланысты күріш көлемін қысқарттық. Мамандар келер жылы судың биылдан да аз болатынын айтады. Ол кезде тағы да қысқартуға мәжбүрміз. Суды аз қажет ететін егіске көңіл бөлеміз, — дейді Марат Сәрсенбаев.

Ал «Таң»ЛТД ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев жоспарлап ексе, күрішшілер бұл қиындықтан толық шығалы дегенді айтады. Ол өз шаруашылығы биыл егіс көлемінен рекордтық көрсеткішке қол жеткізбесе де өткен жылғы табысты қайталауы мүмкін деп болайды.

— Әр шаруашылық дән себерде өз егістік жерінің мүмкіндігіне аса зер салуы тиіс. Судың келу мүмкіндігі мен жердің құнарлығын зерттеп алып, сол бойынша егіс көлемін жоспарлауы тиіс. Мен

осы мүмкіндіктердің барлығын қарастырып, биыл күріш егісінің көлемін 20 пайызға азайттым. Мамандар келер жылы су мәселесі биылғы жылдан да нашар болуы мүмкін деп болжап отыр. Ол уақытта тағы күріш егісінің көлемін қысқартуға мәжбүр боламыз. Алайда біз күріштен мүлдем қол үзіп кетеміз дей алмаймыз. Өйткені біздің техникаларымыз, базамыз, зауыттарымыз осы күрішке арналған, — дейді «Таң»ЛТД ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев.

Облыстағы «Ы. Жақаев» атындағы Қазак күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мамандары биылғы қуаңшылыққа өңір диқандарының дайын болмағанын алға тартады. Су жеткізетін артықтардың тазаланбауы мен егістік жерлердің өз деңгейінде тегіс-

телмеуі егістікке қосымша әсер еткенін айтады.

— Шынын айту керек, биылғы қуаңшылыққа диқандар жіті дайындықпен кіріскен жоқ. Су жүретін артықтар қамыстан тазартылмағандықтан, су өткізу мүмкіндігін азайтты. Мол суға үйренген шаруашылықтар егістік жерлердің тегіс болуына да аса зер салмады. Сол себепті кей шаруашылықтар биыл мол өнімге қол жеткізе алмауы мүмкін. Су тапшылығына байланыста су қашыртқылары мен насостарды қолданды. Алайда су қашыртқылары судың булануы мен тұздануына әкеліп соғады. Ал насостар күріштік жерлердің өз деңгейінде ылғалдануына мүмкіндік бермейді, — дейді «Ы. Жақаев» атындағы Қазак күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Қызылорда» білім тарату орталығының жетекшісі Жанұзақ Байманов.

Сондай-ақ Жанұзақ Байманов «бүгінде шаруашылықтардың көбінде гидротехника мамандарының болмауы да қиындық туғызды», — дейді. Су шаруашылығы мамандарының болмауынан шаруашылықтар суды дұрыс пайдалана алмады деп есептейді. Сол себепті институт жанындағы орталықтан білім алуға кәсіпкерлер өз мамандарын жіберіп отыруы тиіс екенін айтады. Сонда ғана аз суды оңтайлы пайдалану мүмкіндігі артатын көрінеді.

Қызылорда облысы

«АДАЛДЫҚ АЛАҢЫНА» айнала бастады

Демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқығы мен бостандығы. Конституциямыздың алғашқы бабында айтылған бұл сөздің мән-мағынасы зор. Егемендік алғалы бері халықтың тыныштығы мен бостандығын сақтап, құқығын қорғау күн тәртібінен бір түскен емес. Өйткені азаматтардың құқығы қорғалған, тәртіпке бағынған қоғамда әділдік орын алары сөзсіз.

Жадыра МҮСІЛІМ

АУҚЫМДЫ РЕФОРМАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕМІСІ

Биылғы жыл ІІМ жүйесінде Құқықбұзушылықтың алдын алу және «жұртқа жақын полиция» қағидатын қамтамасыз ету жылы» деп жарияланды. Осылайша, құқық қорғау саласында ауқымды реформа, полициялардың жалақысын көтеру және қылмысты азайту бойынша түбегейлі өзгеріс басталды. Үш жыл бұрын қабылданған 2019–2021 жылдарға арналған полицияның реформалаудың Жол картасы штаттық құрылымды оңтайландыруға бағытталды. Жаңғырту аясында жалақыны көтеру, тәртіп сақшыларының әлеуметтік пакетін жақсарту, жоғары оқу орындарында қызметке іріктеуді және кадрлар даярлауды өзгерту жоспарланған. Алғашқы кезеңде полиция қызметкерлерінің саны 11%-ға қысқарды. Бұл шамамен алғанда 10 мың адам. Жол-патрульдік полицияның патрульдік қызметке ауыстырып, қызметкерлерді мектептерге, көшелерге, қоғамдық орындарға жіберді. Еліміздің алты облысында түрлісікті полиция құрылды. Сондай-ақ ІІМ 106 қосымша басқару бунданды мен 1483 басшылық лауазымдарды қысқартты. Жалпы ауданы 13 мың шаршы метр болатын үй-жайларды босатып, 630 автокөлік кері қайтарылды. Осы арқылы ведомство 16 млрд теңгені үнемдеген.

ІІМ Кадр саясаты департаментінің бастығы Ораз Жолдасовтың айтуынша, реформа барысында 2 жыл ішінде полицияның жеке құрамының штаттық саны 13,5 мың адамға қысқарды. «Биыл мамандандырылған күзет қызметінің бөлімшесінде 3 мың адам қысқартуға ұшырады. Қазір Қазақстандағы 100 мың тұрғынға шаққанда полиция қызметкерлерінің саны 369 адамды құрайды. Бұған дейін 100 мың адамға шаққанда 471 қызметкер болған. Сондықтан біз штат санын едәуір қысқарттық. Бірақ тиімділік төмендеген жоқ. Қылмыстың ашылуы мен қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етудің көрсеткіші жақсы» деп сендірді департамент бастығы. Сондай-ақ ол саптық бөлімшелердің сержанттық лауазымдарын офицерлік лауазымдарға ауыстырылғанына тоқталды. «Сержанттар құрамы, негізінен орта-арнайы біліммен терілен болатын. Іс жүзінде көбінің жоғары білімі болған жоқ. Олар күндіз-түні көшелерде қызмет етеді. Сол үшін оларға жоғары білікті кәсіби дайындық қажет. Қазіргі жағдайда олардың білімі орта-арнайы. Реформаның негізгі бағыттарының бірі —



білім берудің кәсіби деңгейін арттыру», — дейді Ораз Жолдасов.

ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОН ӨЗГЕРІС

Министрлікке қарасты бірқатар оқу орталығы таратылды. Өйткені оқу орталықтарында қазіргі заман талаптарына сай материалдық-техникалық база мен жоғары білікті педагогикалық мамандардың жеткіліксіздігі себеп болды. Ұйымдастырушылық-штаттық іс-шаралар өткізілгеннен кейін академиялардың штаттық санының 10%-ы қысқарып, бюджеттік шығындар азайды. Бұл ведомстволық оқу орындарының тиімділігін арттыруға негіз болды. Енді бакалавриат бағдарламасы бойынша Қарағанды академиясынан басқа күндізгі оқыту нысанының қысқартылуына байланысты оқу және қазармалық ғимараттар босады. Оқу жүктемесі төмендеп, бұл білікті оқытушыларға ІІО лауазымдарына кандидаттарды қысқа мерзім аралығында сапалы дайындауды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Бүгінде Алматы, Қарағанды және Қостанай, Ақтөбе заң институты, Шымкент оқу орталығы ғана қалды. Оның ішінде Қарағанды академиясы жоғары тергеу мектебіне қайта бейімделді. Осылайша, Қазақстанда алғаш рет тергеушілердің жеке мектебі пайда болды. «Құқық қорғау органдарының бірде-бір жоғары оқу орны тергеушілерді дайындамайды. Сол Ресейде үш жоғары тергеу мектебі бар. Тергеушілер барлық құқық қорғау органдарында: сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте, прокуратурада, ҰҚК, ІІМ-де сұранысқа ие. Сондықтан біз мамандандырылған жоғары оқу орнын құра бастадық. Ал бакалавриатты тек Қарағанды академиясында қалдырдық», — дейді ІІМ Кадр саясаты департаментінің бастығы. Академияда медиасуаттылық, шешендік өнер және халықпен тиімді коммуникация сияқты жаңа пәндер пайда болды. Бұдан бөлек, кез келген шақта адамдармен қарым-қатынас жасауды үйрену мен құқық қорғау қызметкері ретінде өзін-өзі ұстау мақсатында полиция стандарты дайындалды. Ол бойынша полицияның кәсіби және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ әртүрлі жағдайда сақталуы керек мінез-құлық нормалары белгіленді.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ІІМ 30 стационарлық бекеттің алтауын ғана қалдырды. Бұл автокөлік иелерінің осындай посттарда еш себепсіз оларды тоқ-

татып, ақшаны қорқытып алатыны туралы шағымдардың көптеп түсуінен туындаған шара. Дегенмен бекеттердің жойылуы қылмыстық жағдайдың нашарлауына әкелген жоқ. Керісінше, жемқорлық қылмыстардың саны 10%-ға төмендеді. Сонымен қатар мамандандырылған ХҚКО-ларда тіркеу-емтихан бөлімдері жабылды. Бұл функцияларды енді «Азаматтарға арналған үкімет» жүзеге асырады. Бұл да полиция қызметкерлерінің 12-17%-ы заңсыз нөмірлер мен жүргізуші куәліктерін бергені үшін пара алатыны туралы шағымнан соң таратылды. Бұдан басқа, жаяу патрульдермен автокөліктерді тоқтатуға тыйым салынды. Енді көлікті тек автопатруль тоқтата алады. Бұдан бөлек, ІІМ-де спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге полицияларды жаппай тарту практикасын қысқарту қолға алынды. Енді бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар көке қүзет құрылымдарының қызметкерлерін, еріктілерді тартады. Сондай-ақ ІІМ қызметтерінің тізімінен мекенжай анықтама-сын беру алынып тасталды. Енді бұл мәліметтерді тікелей «электронды үкімет» порталынан алуға болады. Көлікті тіркеу қызметі де жеңілдетілді.

Биылдан бастап «Police 102» мобильді қосымшасы іске қосылған болатын. Бұл жеке арна бойынша оқиға куәгерлері тікелей полицияға хабарласуға мүмкіндік алды. SOS батырмасын басу арқылы олар құқықбұзушылық туралы полицияларға дереу хабар береді. Қосымшаның көмегімен қызметкерлердің әрекетіне шағым жасауға да болады. Ал оператор алдымен орналасқан жері мен өңірін анықтап, дереу оқиға орнына жақын экипажды жібереді. Азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл бойынша да жұмыстар жалғасып жатыр. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деңгейін қысқарту және азаматтардың сенімін арттыру мақсатында Іс-істер министрлігі — Adaldyq alaıyu жобасы іске қосылды.

Былтыр халыққа арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мол мүмкіндік беру керекін айтқан еді. Қазір құқық қорғау саласындағы реформаның ең маңыздысы да осы. Қоғамдық тәртіпті сақтап, құқықбұзушылықтың алдын алу үшін алдымен учаскелік полицияның танымал, қолжетімді әрі беделді болуына, заңмен құқығы қорғалуына басымдық беру.

ҰБТ төңірегіндегі түсініспеушілік

(Басы 1-бетте)

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

Иә, 13 маусым күні Ұлттық бірінғай тестілеу орталығы полицияға ҰБТ кезінде заңбұзушылық болғаны жөнінде хабарлаған. Осылайша, тергеу барысында жалған жеке куәлігі бар түлектер анықталып, іс бойынша 22 жастағы күдікті назарға іліккен. Заңға сай, аталған факт негізінде ҚК-нің 385-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалған.


Байқағаныңыздай, тергеу ісі осыдан екі ай бұрын басталған. Сол үшін жұрт әзілқештің Instagram парақшасында жарияланған видеоғағы эмоциясына күмәнмен қарайды. Бірі оны қолдап жатса, екіншісі істің соңына дейін жетіп, кінәлілер жазасын алғанын қалайды.

Өйткені көпшілік бұл істе бір ғана айтыпты жазаланатынына наразылық танытып жатыр. Журналист Гүлбану Әбеннова да БАҚ-қа берген сұхбатында «ата-аналар да жауапқа тартылуы тиіс» деп кесіп айтқан. Сондай-ақ Дидар Смағұлов та сұхбатының бірінде «Биыл тестілеуге 18 адам заңсыз кіргізі келген. Түркістан мен Алматы облыстары және Қоқшетау қаласында сынаққа бөтен адамды кіргізу фактісі тіркелген. Бірақ осы күнге дейін бірде-бір іс аяғына дейін жеткен жоқ. Біз полицияға хабарласып, ақпарат бергенімізбен, «мынадай нәтижеге жеттік» деп айта алмаймын» деген екен. Сонда елімізде полиция құзыреті әлсіз бе, әлде тестілеушілердің артында тұрған «қорған» мықты болып тұр ма?

«Бұдан 2-3 жыл бұрын тестілеуді толық телефон арқылы тапсырғандарды көз көрді. Бұдан да басқа қүйтұрқылыққа барғандар болды. Бірақ кейінгі 1-2 жылда Дидар Нұркенұлының бастамасымен ҰБТ-дағы заңбұзушылықтарға тоқсауы қойылып келеді. Ал соңғы жағдай аялақтардың әлі де барын көрсетеді. Сондықтан бұларға қатаң жаза қолданып, кейінгілерге сабақ болғаны дұрыс деп ойлаймын. Жалған құжат жасаған, орнына кірген, орнына кіргізген, соны ұйымдастырған адамдардың бәрі жазаға тартылуы керек», — дейді ұстаз Айтжан Ахметжанұлы.

ГРАНТ ТІЗІМІНДЕ 140 БАЛЛ ЖИҒАНДАР НЕГЕ КӨП?

Жалған құжат жасау фактісінен кейін ел назарына ілікке жайт — грант тізіміндегі 140 ұпай жинағандардың көптігі. Әуелде ақпарат көздерінде Павлодар түлегі Данияр Әкпеліевтің 140 балл жинағаны туралы мәлімет жарияланды. Одан бөлек, 1 923 түлектің 120 балдан жоғары жинағаны бар. Бірақ грант иегерлерінің тізімінде 140 балл сәмсап тұр. Мәселен, бір ғана «Стоматология» бойынша 10 талапкер 140 ұпаймен грантка іліксе, «Ақпараттық технологиялар» бойынша 52 талапкердің аты-жөнінің тұсында 140 балл көрсетілген. Осыдан кейін ата-аналар әлеуметтік желіде аталған жағдайды түсіндіріп беретін жауаптыны іздеп шарқ ұрды.



«ҰБТ қорытындысы бойынша баспасөзде, әлеуметтік желіде тек бір баланың ең жоғары ұпай алғаны, бес түлектің 139 балл алғаны туралы ашық ақпарат таралды. Осыдан кейін бәріміз қамдана бастадық. Мысалы, түлек ҰБТ-дан 138 балл алды делік, арманы — тіс дәрігері болу. Артында осы жаңалықты көреді де, ойланбастан «Стоматологияға» құжат тапсырады. Бірақ нәтижесі шыққанда абырап қалары анық. Өйткені оның алдында 140 балл жинаған 10 бала, кейінірек 139 балл алғандар орнығады. Ал сынағында 51 балмен грантка түскендер бар болса, күйінері анық. Білетіндер SAT сияқты емтихан ұпайларын ҰБТ балына ауыстыруға боларын айтады. Бірақ биыл қанша түлектің осындай емтихан балын ауыстырғаны туралы дерек жарияланбады. Неліктен жауапты тұлғалар ертерек ақпарат жарияламайды?» — дейді ата-ана Бауыржан Өзім.

Рәсіммен, SAT, ACT, IB сияқты халықаралық емтихан нәтижесін ҰБТ ұпайына ауыстырған талапкерлердің тізімін бізде іздедік. Бірақ не Білім министрлігінің, не Ұлттық тестілеу орталығы парақшасынан таппадық. Кейіннен жауапты органға сұрау салдық. Алайда ҰТО-дан нақты жауап келген жоқ. Жалпы, 2020 жылдан бері халықаралық емтихан балын ҰБТ нәтижесіне ауыстыру күшіне енген. Шкала бойынша балыңыз сәйкес болса, IELTS 6 балды, ағылшын тілінен 45 балл жинасаңыз, 140 балл сіздікі.

Қош, шалғайда тұратын ауыл баласы мен ата-аналардың аталған парақшаларды бақыламайтыны бар. Алайда жауапкершілік жүктелген соң ізденудің керекі айтпаса да түсінікті. Сондықтан ата-аналар мен талапкерлерге халықаралық емтихан нәтижелері ескерілетінін ұмытпауды ұсынамыз.

Бұдан бөлек, ата-аналар шығармашылық емтихан тапсырғаны мамандықтарға қанша грант бөлінгені туралы ақпараттың кеш жарияланғаны туралы айтып жүр. Мәселен, Тамаша Мұратбаева қызының «Серпін» бағдарламасы бойынша «Дене тәрбиесі мұғалімін даярлау» мамандығына шығармашылық емтихан тапсырғанын айтады. Талапкер емтихан тапсыру үшін Қызылорданың Петропавлдағы университетке барған. Шығармашылық емтиханнан 90 ұпай, ҰБТ-дан 31 балл алып, барлығы 121 балмен грантка іліге алмаған. «Жоғары оқу орындарында гранттар бөлінісі шығармашылық емтиханнан кейін бөлінеді. Мәнінше, оқу орындарында бөлінген гранттар бөлінісі туралы ақпарат шығармашылық емтиханға дейін жариялануы керек», — дейді ол.

Иә, ҰБТ-ға қатысты сын-ескертеп, түсініспеушілік көп. Арасында грант тізіміндегі «ҮОС ардагерлері мен мүгедектерге теңестірілген азаматтар» қатарын түсінбей жатқандар бар. БҒМ-ның жауабына сай, бұл ҮОС ардагерлерінің балалары, Ауғанстанда соғысқа қатысқандардың ұрпақтарына қатысты. Оған қоса, бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы мүшелері де аталған категорияға теңестіріледі. Осылайша, әлеуметтік желіде жиі талқыға түскен сұрақтарға барынша жауап іздедік. Ата-аналар мен талапкерлер өзіне керекін түртіп алса құба-құп.

Асырап алған балаға қорлық көрсетпе!

Алматы облысының тұрғыны 9 жасар баланы қинап, кірпіш көтергені туралы видео тарайды. Бейнежазбадан баланы қинап, қорлап жатқанын анық көруге болады. Оқиға Алматы облысы Сарқанд қаласындағы жекеменшік үйлердің бірінде болған. Бұл туралы полиция бөлімі де хабардар.

Айым БЕКТҮР

Осыған байланысты дерек Қылмыстық кодекстің 110-бабындағы 2-бөлігі бойынша («Көрінеу кәмелетке толмаған адамды қинау») сотқа дейінгі бірінші тергеулер реестрінде тіркелген. Сотқа дейінгі тергеу барысында 9 жастағы баланы асырап алғаны анықталған. Одан басқа 7 және 14 жастағы бауырларын да 2020 жылы асырап алған екен.

Тергеу барысында 9 жастағы жасөспірімді асырап алған ата-анасының 17 жастағы баласы қинағанын айтқан. Ол уақытша ұстау изоляторына қамалған. Сонымен қатар қамқоршыларға қатысты материалдар кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға берілді. 2021 жылғы 17 тамызда комиссияның отырысы өтті. Оның шешімі бойынша ерлі-зайыпты қамқорлық құқығынан айырылды және үш бала кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына берілді. Қазір аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп, тиісті сараптамалар тағайындалды» делінген ПД хабарламасында. Тергеу барысын Алматы облыстық ПД басшылығы бақылауға алғаны айтылады.

БАЛА НЕГЕ

КЕРІ ҚАЙТАДЫ?

Қош делік. Бала асыранды болғаны үшін жазықты ма? «Қинап, қорлық көрсету үшін ғана асырап алғаны ма?» деген ой келеді осындайда. Баланың кінәсі неде? Асырап алған баласын қинау, не болмаса қайта бейімдеу

орталығына қайтару бірінші рет болып отырған жоқ. Бұған дейін де қаншама бала осылайша кері қайтты екен?

Жыл сайын асырап алған балалардың шамамен 20 пайызы патронаттық ата-анамен келіспеушілігіне байланысты балалар үйіне кері қайтарылады. Баланың қиындыққа толы өткен өмірі оған әсер етіп қана қоймай, жана отбасына бейімделуге кедергі келтіретіні бар. Оған қосымша қинап, күш көрсету – тіптен психикасына теріс әсер етеді. Кейбір ата-ана асырап алған баласының қиын мінезіне шыдамай, кері қайтарып жатады. Бұл да кәмелетке толмаған баланың психологиясын одан әрі жарақаттайды.

Мәселен, Қостанай облысында апалы-сіңлілі екі қыз 10 жылда жеті мекеме мен екі отбасын ауыстырған. Шымкентте 17 жасар жасөспірімді қайтарған. Ал оны отбасы 1,5 жасар кезінде асырап алған екен. Ал Алматы облысында әйел алты жасар баланы асырап алады. Бала ақша ұрлайды, өтірік айтады, мектепке бармайды деген шағымдар түсті. Әйелге тұрақты түрде кеңес беріп отырған. Бірақ бәрібір бала ақырында балалар үйіне қайта келген.


Психологтердің айтуынша, бала асырап алғаны келетін әрбір ата-ана мінсіз баланы күтеді. Бірақ ондай бала болмайды. Кез келген бала ең алдымен ата-анасы, отбасының бар болғанын қалайды. Ішінен «мен жалғызбын, көмектесіңдер, жалғыз болғым келмейді» деп дабыл қағады. «Көмектес, маған сенім арт. Саған керек екенімді дәлелде. Мен саған ештеңе бере алмаймын. Сен көргің келетін адам бола алмаймын. Қалай бармын,

солай мені жақсы көр», – дейді. Асырап алатын ата-аналар мектебінде осындай жан жарақатымен күресуге болатын нақты әдістерді үйретеді.

«Қазақстан балалары» статистикалық жинағында балалар үйіне қайтарылғандар туралы деректер берілген. Атап айтқанда, 2015 жылы – 246, 2016 жылы – 195, 2017 жылы – 109, 2018 жылы – 199, 2019 жылы 183 бала жана отбасына «судай сіңіп, тастай бата» алмаған. Соған байланысты балалар үйіне қайтарылған. Қазақстанның балалар құқығы жөніндегі омбудсмені Аружан Саинның айтуынша, балалардың қайтарылуына асырап алушылардың психологиялық дайындығының жеткіліксіздігі себеп болады екен. «Кейбір «асырап алғанымға рақмет айтуы керек» деп ойлап, бала тәртіпті болатын шығар деген ойда болады. Сатқындықты не жақындарынан айырылу сияқты қайғыны басынан өткерген балаға ерекше күтім керек. Оларға түсіністік таныт-

Психологтердің айтуынша, бала асырап алғаны келетін әрбір ата-ана мінсіз баланы күтеді. Бірақ ондай бала болмайды. Кез келген бала ең алдымен ата-анасы, отбасының бар болғанын қалайды. Ішінен «мен жалғызбын, көмектесіңдер, жалғыз болғым келмейді» деп дабыл қағады.

паса болмайды. Сондықтан ересектер баланың жай-күйіне үніліп, неге өзін олай ұстайтынын түсініп, отбасына бейімделу жолындағы қиындықтарды еңсерегің жол табуға тиіс», – дейді омбудсмен. Ал біз мұндай қамқорлық көрсете аламыз ба?



АСЫРАП АЛҒАН БАЛАҒА ҚАНДАЙ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ?

2020 жылдың шілдесінде қазақстандық отбасыларға жетім балаларды орналастыруға көмек беретін Бала асырап алу ұлттық агенттігі мемлекеттік аккредита-

соққы болмау үшін ата-аналарды да, баланы да дайындайды.

«Кері қайтару процесін азайту үшін ересектер асырап алушы ата-аналар мектебінен сапалы өтуі керек. Себебі бұл жерде баланы қабылдау, оның өткен өмірі, қандай қиындық көргені жайлы ақпарат айтылады. 3-4 жылдан бері бала асырап алуға ниеттеніп, құлшынып келгендердің өзі ондай мәліметтерді бұрын-соңды білмегенін айтып жатады. Алдымен ата-аналар психологиялық диагностикадан өтеді. Сөйтіп, баланы асырап алушының негізгі мотиві анықталады. Яғни, баласы жоқ отбасылар шаңырағы шайқалмасы деп жалғызбасты әйелдер жанына біреу керек болып, көмекші болсын деп алғысы келеді», – дейді Бала асырап алу ұлттық агенттігінің психологі Ай-нұр Қарабаева.

Кез келген психолог баланың толыққанды отбасында өскенін қалайды. Мұның бәрі балалар

үйінің нашарлығынан емес, барлық дүние атомосфераға байланысты. Қанша жерден әлемі бендірілген, қарны тоқ, көйлегі көк болса да, балалар үйі отбасының, ата-ананың орнын алмастыра алмасы белгілі. Соңғы жылдары балалар үйінің азайып келе жатқанын, келешекте мұндай үйлердің болмайтынын айтып қуансақ та, балалардың жана отбасынан қысым көрмеуін де ескерген жөн секілді. Қаршадай балаға кірпіш көтертіп, ауыр жұмысқа жеріп жатсақ, оның толыққанды отбасында өскенінен пайда бар ма? Балалар үйінен кетіп, «енді менің отбасым бар» деп, бақытқа қол жеткізгенінде, қайта кері қайтару – баланың психологиясына екі есе ауыр соққы.

Қалай десек те, бала құқын қорғау бірінші орында тұруы тиіс. «Сәбидің бәрі бақытты болу үшін жаралғанын» ұмытпасақ екен. Сол себепті де, асырап алған балаға қорлық көрсетпе, қамқор бол!

Хабарландыру

«ҚазМұнайТеніз» ТМК ЖШС Ақтау қаласындағы филиалымен металл сынықтарын сату бойынша аукцион өткізу туралы

Атауы, қысқаша сипаттамасы, сонымен қатар металл сынықтарын сату үшін жоспарланатын көлемі: өзге сынықтар және кара металл қалдықтары (бөшкелер, швеллерлер, құбырлар, бұрыштар және т.б.), көлемі – 58,0 тонна.

Аукционды өткізу орны: 130000, Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Ақтау к., 14 шағынаудан №67 үй.

Аукционды өткізу тәсілі: Ағылшын.

Аукционның өтетін күні мен басталу уақыты (Ақтау к. жергілікті уақыты бойынша): 21.09.2021ж. сағат 10.00.

Металл сынықтарының бастапқы бағасы: 80 929 тенге.

Әр лот бойынша тауардың бастапқы бағасы туралы мәліметтер, аукционда бағаның өзгеру бағыты: 1 тонна үшін 80 929 тенге, бағаның өзгеру бағыты – 5%.

Аукционға қатысу өтінімдерін ұсыну үшін бастапқы мерзімі: 20.08.2021ж. сағат 10.00-ден бастап 20.09.2021ж. сағат 10.00 дейін келесі мекенжай бойынша: ҚР Маңғыстау облысы Ақтау к., 14 шағынаудан №67 үй №5 кабинет. Өтінімді ашу күні мен уақыты басталғаннан кейін өтінім берілген жағдайда және біреуден артық өтінім берілген кезде қатысушыға өтінімді қабылдаудан бас тарту жүргізіледі. Қатысушылар өтінімдерді қабылдау аяқталатын күн мен уақыт басталғанға дейін берілген өтінімдерді кері қайтарып алуға және оларға өзгерістер енгізуге құқылы.

Металл сынықтарын сату мерзімдері, орны мен шарттары: «Боранколь» кен орны Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Боранқұл селосына жақын орналасқан (объектілер: Боранколь МГӨЦ, ГжГКДЦ, МДТЦ, КЦ және ТШБ). Фотоматериалдармен (металл сынықтарының) келесі веб-сайтта танысуға болады www.kazmunayteniz.kz.

Аукцион қорытындылары бойынша жеңімпаз атанған және сатып алу-сату шартын жасасқан әлеуетті сатып алушы металл сынығын тиеуге, түсіруге байланысты барлық шығынын көтереді, сондай-ақ металл сынығының көлемін айқындау (өлшеу) үшін тасымалданатын өлшеу аспабын (таразы) иеленуі тиіс.

Сатылатын металл сынықтарымен танысу күні, уақыты және тәртібі: 20.08.2021ж. бастап 20.09.2021ж. дейінгі кезең аралығында, Сатушының ата-бабаша жолдаманы жолдау арқылы, сағат 08.30 бастап 18.00 дейінгі жұмыс уақытында, түскі үзіліс сағат 12.30-дан бастап 14.00 дейін.

Төлем шарттары: 100% алдын ала төлем.

Қатысушылардың кепілдік жарнасын енгізу мөлшері, мерзімдері және тәртібі: Металл сынықтарының жалпы құнының 3% – 140 816,46 тенге,

өтінімдерді қабылдаудың аяқталу мерзімінен кешіктірмей, ақша сомасын «ҚазМұнайТеніз» ТМК ЖШС Ақтау қаласындағы филиалының есеп-шотына енгізу жолымен (БСН 100 841 001 617, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ, Банктің БСК HSBKZKX, ЖСК KZ38610231000132147) немесе банктік кепілдемесі түрінде (www.kazmunayteniz.kz веб-сайтында орналасқан нысан бойынша) қағаз жүзінде, ал түпнұсқасы өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін Филиалға ұсынылады.

Сатушы аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні басталғаннан кейін сауда-саттыққа қатысудан бас тартқан жағдайда сауда-саттыққа қатысушыға, сондай-ақ жеңімпазға сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда кепілдік жарна қайтарылмайды.

Сатып алу-сату шартының жобасы: www.kazmunayteniz.kz веб-сайтында орналастырылған.

Жеңімпаз деп танылған аукционға қатысушымен сатып алу-сату шартын жасасу мерзімі: аукцион қорытындыларының хаттамасы күнінен бастап 20 күнтізбелік күн. Жеңімпаз сатып алу-сату шартын қабылдаған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей сатушыға өз тарапынан қол қойылған сатып алу-сату шартын ұсынады.

Әлеуетті сатып алушының атауы көрсетіле отырып, желімделген конвертке ұсынылуға жататын аукционға қатысуға өтінімінің мазмұнына қойылатын талаптар (өтінімін нысаны www.kazmunayteniz.kz веб-сайтында орналастырылған):

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі немесе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша тіркеуші орган берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама не ресми интернет көзіне сілтемесі бар әлеуетті сатып алушы өтінімінің көшірмесі (www.eGov.kz электронды тіркеу жүйесін пайдаланатын куәлікті немесе анықтаманы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органмен берілген әлеуетті сатып алушының мемлекеттік тіркелгенін растайтын өзге де құжаттың көшірмесі;

2) аукционға қатысуға кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

3) заңды тұлғалардың түсті және кара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның көшірмесі.

Сатушының байланыс телефондары: жұмыс телефондары: +7 7292 200-878, ұялы телефондары: +7 775 888 1286.

Объявление

о проведении аукциона Филиалом ТОО МНК «КазМунайТеніз» в городе Ақтау по реализации лома металлолома

Наименование, краткая характеристика, а также объем планируемого к реализации металлолома: Прочий лом и отходы черных металлов (бочки, швеллеры, трубы, уголки и т.д.), объем – 58,0 тонн.

Место проведения аукциона: 130000, Республика Казахстан Мангистауская область г.Ақтау 14 микрорайон дом №67.

Способ проведения аукциона: Английский.

Дата и время начала аукциона (местное время г.Ақтау): 21.09.2021г. в 10.00 часов.

Начальная стоимость металлолома: 80 929 тенге.

Сведения о начальной цене товара по каждому лоту, шаг изменения цены на аукционе: 80 929 тенге за 1 тонну, шаг изменения цены – 5%.

Срок начала предоставления заявок на участие в аукционе: с 20.08.2021г. в 10.00 часов до 20.09.2021г. в 10.00 часов по адресу: РК Мангистауская область г.Ақтау 14 микрорайон дом №67 кабинет №5. Отказ в приеме заявки участнику производится в случаях подачи заявки после наступления даты и времени вскрытия и при подаче более одной заявки. Участники вправе до наступления даты и времени окончания приема заявок отозвать и вносить изменения в поданные заявки.

Сроки, место и условия реализации металлолома: Место рождения «Боранколь», расположен вблизи села Боранкул Бейнеуского района Мангистауской области (объекты: ЦДНГ Боранколь, ЦПГиК, ЦППН, КЦ и ТСБ). С фотоматериалами (металлолома) можно ознакомиться на веб-сайте www.kazmunayteniz.kz.

Потенциальный покупатель, признанный по итогам аукциона и заключивший Договор купли-продажи несет все расходы, связанные с погрузкой, выгрузкой металлолома, а также должен иметь переносной измерительный прибор (весы) для определения (замера) объема металлолома.

Дата, время и порядок ознакомления с реализуемым металлоломом: В период с 20.08.2021г. по 20.09.2021г. в рабочее время с 08.30 часов до 18.00 часов, с перерывом на обед с 12.30 часов до 14.00 часов, путем направления письменного обращения в адрес Продавца.

Условия оплаты: 100% предварительная оплата.

Размер, сроки и порядок внесения участниками гарантийного взноса: 3% от общей стоимости металлолома – 140 816,46 тенге, в срок не позднее срока окончания приема заявок, путем внесения денежной суммы на расчетный счет Филиала ТОО МНК «КазМунайТеніз» в г.Ақтау (БИН 100 841 001 617, АО «Народный сберегательный банк

Казахстана», БИК банка HSBKZKX, ИИК KZ38610231000132147) либо в виде банковской гарантии (по форме, размещенной на веб-сайте www.kazmunayteniz.kz) на бумажном носителе, оригинал которого представляется Филиалу до окончания срока представления заявок.

Гарантийный взнос не возвращается Продавцом участнику торгов – в случае отказа от участия в торгах после наступления окончательной даты приема заявок на участие в аукционе, а также победителю – в случае его отказа от подписания договора купли-продажи.

Проект договора купли-продажи: Размещен на веб-сайте www.kazmunayteniz.kz.

Срок заключения договора купли-продажи с участником аукциона, признанным победителем: 20-ти календарных дней с даты протокола итогов аукциона. Победитель в срок не позднее 10-ти календарных дней со дня получения договора купли-продажи предоставляет Продавцу подписанный со своей стороны договор купли-продажи.

Требования к содержанию заявки (форма Заявки размещена на веб-сайте www.kazmunayteniz.kz) на участие в аукционе, которая подлежит представлению в запечатанном конверте с указанием наименования потенциального покупателя:

1) Копию свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица или справку о государственной регистрации юридического лица, выданную регистрирующим органом по форме, установленной Министерством Юстиции Республики Казахстан либо копию заявления потенциального покупателя, содержащую ссылку на официальный интернет источник (www.eGov.kz) государственного органа, выдавшего свидетельство или справку, используемое электронной системой регистрации, или копию иного документа, подтверждающего государственную регистрацию потенциального покупателя, выданного в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

2) Оригинал документа, подтверждающего внесение гарантийного взноса на участие в аукционе;

3) Копию Уведомления о начале или прекращении деятельности по сбору (заготовке), хранению, переработке и реализации юридическими лицами лома и отходов цветных и черных металлов.

Контактные телефоны Продавца: Рабочий телефон: +7 7292 200-878, мобильный: +7 775 888 1286.

Жалғыз мәдениет үйін бұзып тынды

Бурабай ауданының орталығы Щучинск қаласында орталық мәдениет үйінің айналасында үлкен дау туындады. Тарихы тереңге кеткен ғимарат осыдан екі-үш күн бұрын тас-талқан етіп бұзылып, шаңырағы ортасына түскен. Өткен ғасырдың ерекше сәулетімен, халықтың жүрегінде биік колонналарымен есте қалған ғимараттың бұзылғанына жергілікті халық қатты наразылығын білдірді. Әлеуметтік желілер тұрғындардың билікке қарсы айтқан жазбаларына толды.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Щучинск қаласындағы 206 орынға шақталған аудандық мәдениет үйі 1959 жылы салынған. 60 жылдан астам уақыт қызмет еткен мәдениет үйі талай жастың жастық шағының куәсі. Ерекше архитектуралық колонналары бар мәдениет ошағы қаланың сәулетті орындарының бірі болған. Жергілікті халық оны бұзылмай сақталса, әлі де талай жыл бойы мызғаймай тұратынына сенімді болыпты. «Өткен жылдары ғимаратқа бюджеттен қаражат бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Арда бір жыл өтпей тас-талқан етіп бұзып тастады. Бұл үшін біреу жаза арқалады ма? Бұл бюджеттің ақшасы ғой! Бұзатыны бар не үшін жөндеу жұмысын жүргізді? Уақы-

тында жақсы жөндеу жұмыстарын жүргізсе мұндай болмас еді ғой. Текке кеткен ақша...», — дейді Щучинск қаласының тұрғыны Ольга Сарайкова.

Тұрғындардың көпшілігі «ескі ғимараттың орнына жаңасы салынады» деген биліктің айтқан уәдесіне сенгісі келмейді. Әрі оның архитектуралық колонналары бар мәдениет ошағы қаланың сәулетті орындарының бірі болған. Жергілікті халық оны бұзылмай сақталса, әлі де талай жыл бойы мызғаймай тұратынына сенімді болыпты. «Өткен жылдары ғимаратқа бюджеттен қаражат бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Арда бір жыл өтпей тас-талқан етіп бұзып тастады. Бұл үшін біреу жаза арқалады ма? Бұл бюджеттің ақшасы ғой! Бұзатыны бар не үшін жөндеу жұмысын жүргізді? Уақы-

тында жақсы жөндеу жұмыстарын жүргізсе мұндай болмас еді ғой. Текке кеткен ақша...», — дейді Щучинск қаласының тұрғыны Ольга Сарайкова.

Тұрғындардың көпшілігі «ескі ғимараттың орнына жаңасы салынады» деген биліктің айтқан уәдесіне сенгісі келмейді. Әрі оның архитектуралық колонналары бар мәдениет ошағы қаланың сәулетті орындарының бірі болған. Жергілікті халық оны бұзылмай сақталса, әлі де талай жыл бойы мызғаймай тұратынына сенімді болыпты. «Өткен жылдары ғимаратқа бюджеттен қаражат бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Арда бір жыл өтпей тас-талқан етіп бұзып тастады. Бұл үшін біреу жаза арқалады ма? Бұл бюджеттің ақшасы ғой! Бұзатыны бар не үшін жөндеу жұмысын жүргізді? Уақы-

калаларда мәдениет үйлері бар. Енді жаңасын жуық арада сала қоятынына қатты күмәндамын. Әрине, жаңадан бір ғимарат салынады анық. Бірақ қашан? Егер 30 жыл ішінде қаладағы 2 мәдениет үйін сақтап қала алмаса жаңадан салынғанынан не шығады? Мүмкін біздің ұрпағымыз жана мәдениет үйін көретін шығар. Өте өкінішті», — дейді Светлана Мелещенко есімді Щучинск тұрғыны.

Біз ғимараттың не үшін бұзылғанын анықтау үшін аудандық мәдениет үйінің басшысымен тілдестік. Бөлім басшысы тұрғындардың үзжімен келіспейтінін білдірді. Оның айтуынша, ғимараттың өткен жылдары төбесі бұзылып, одан кейін зертханалық жұмыстар жүргізілген сарапшылар мәдениет үйін бұзу туралы шешім шығарған.

«Өткен жылдың 21 мамырында мәдениет үйінің екінші қабатындағы қабатаралық төбесі құлауы себепті ғимаратта барлық жұмыс тоқтатылған. Техникалық тексеріс жүргізу үшін үш бірдей сарапшылық ұйым тартылды. «Техстрой Лия» ЖШС сарапшылық ұйымының қорытындысы бойынша, мәдениет үйінде адамдардың болуы өміріне қауіп төндірді. Бұдан

кейін тексеріс жүргізілген «Гарант Building», «Астана Құрылыс Сервис» компаниялары да ғимараттың одан әрі қолдануға жарамайтынын және күрделі жөндеудің экономикалық жағынан тиімсіздігін мәлімдеді. Осы құжаттар негізінде құрылған аудандық ведомстваралық комиссия мәдениет үйі ғимаратын есептен шығару туралы он шешім қабылдады. Бәрі заңға сәйкес жүріп жатыр», — дейді Бурабай аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Дәмеш Қарсыбаева.

Мәдениет бөлімі басшысының айтуынша, өткен жылдарда жүргізілген жөндеу жұмыстары тек сылап-сырлау, косметикалық жөндеу түрінде болған. Енді бұзылған ғимараттың орнына жаңадан мәдениет үйі салынабақ.

«Мәдениет үйі ғимаратын бұзуға қаржы бөлу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасалған. Оған 56 миллион теңгеге бюджеттік өтінім жасалды. Қазір жаңа мәдениет үйінің құрылысы үшін жобалық құжаттамасын жасауға қаржы бөлу үшін бюджеттік өтінім әзірленіп жатыр. Жаңа ғимаратта 400 орындық көрермен залы бар. Ескі ғимараттың алдындағы архитектуралық фасадын сақтап қал-



мақпыз. Жаңа мәдениет үйі заманауи құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес келуі тиіс. Ғимаратта фойе залы, хореографиялық зал мен киім шешетін орын, конференция залы, кіші ассамблея мен «Рухани жаңғыру» залдары, дыбыс жазу студиясы, ұжымдардың репетициялық бөлмелері, гримерлік, әкімшілік, шаруашылық және техникалық бөлмелер мен лифт болады. Сондай-ақ толық көлемде бейнебақылау камералары, техникалық және жиһаз жабдықтарымен толықтай қамтылмақ. Ғимараттың эскизін дайындау кезінде халық-

тың пікірі ескерілетін болады», — дейді Дәмеш Қарсыбаева.

Ведомствоның мәліметінше, биыл жобалық құжаттары жасалып, құрылыс жұмыстары келер жылы басталуы тиіс.

P.S. Сонымен, әзірге бурабайлықтардың өткен күндерін еске салатын мәдениет үйінің орнына жаңа ғимараттың қашан нақты салынатыны әзірге белгісіз. Ал 50 мыңға жуық тұрғыны бар қаланың мәдениет үйісіз қалуы өте өкінішті екені айтпаса да түсінікті...

Ақмола облысы

Кәсіпкерлер кебек экспортын шектеуге қарсы

(Басы 1-бетте)

Роза ШӘКЕН

Солтүстікқазақстандық дикандр жыл сайын 5 миллион тоннадан астам астық жинайды. Биыл 3 миллион гектар алпақпа — дәнді дақылдар, 0,9 миллион гектар жерге — майлы дақылдар және 0,3 миллион гектарға жемаздық егілген. Дегенмен астықты аймақта жыл сайын мал азығының бағасы шарықтап барады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Әлібек Ашметовтің айтуынша, бір тонна шоптін бағасы Айыртау ауданында — 1,9 есе, Тайынша ауданында — 1,8 есе, Жамбыл және Қызылжар аудандарында 20 пайызға қымбаттаған. Бұған фермерлерді кінәлау да орынсыз, өйткені олардың шығындары да биыл 20 пайызға артқан.

Кәсіпкерлер қалыптасқан жағдайды тек құрғақшылықпен байланыстыру дұрыс емес деген пікірде. Олардың ойынша, бұл дағдарыс былтыр қыста кебектің бағасы 70 000 теңгеге жеткен кезде басталған. Ал диірмендер өз жұмысын тоқтатқан соң баға тіпті шарықтап кеткен. Соңғы жылдары елімізде диірмендер саны күрт азайды. Қазір қолда бар 270 кәсіпорынның 160-тан астамы жұмыссыз тұр немесе банкке кепілге қойылған. Олардың көбі астық бағасы қымбаттап бара жатқандықтан және экспорт қиындықтарына байланысты жабылып жатыр. Ағымдағы қиындықтар шешілмесе, бұл салада жұмыс істейтін адамдардың 60 пайызы жұмыссыз қалу қаупі бар. Кәсіпкерлер осыны айтып, дабыл қағуда.

Тимирязев үн үту комбинатының бас директоры Иса Аллахяров шикізат бағасының шарықтауына байланысты жұмысшыларының 80 пайызынан айырылғанын айтады. «Шықап, жаным, шықап» деп отырған кәсіпорын бір жылдан бері қалт-құлт етіп, күнін әрең көріп келеді. Иса Мехтиоглының айтуынша, кебек экспортқа жіберілмесе, қоймалар толып, үн өндіруге мүмкіндік болмайды. Өйткені кебек сақтауға арналған қосымша қоймалар жоқ. «Қазақстанға үн да керек. Оңтүстік өңірлерде кебек сатып алушылар аз. Кебек ішкі нарыққа да, экспортқа да жетіп артылады. Ішкі нарық кебектен қор жинауға дайын емес. 3-4 жыл бұрын кебек тасымалына вагон тапшылығы сезіліп, ел басшылығынан көмек сұрағанбыз. Сол кезде 3-4 тонна кебекті далада сақтауға мәжбүр болдық. Жанбыр мен қардан ол шіріп, шығынға батқандымыз есімізде», — дейді Иса Аллахяров.

МӘСЕЛЕ — ШИКІЗАТТА

Қазір астықты өңірде мал азығы тапшы. Бұл — бар шикізаттың, яғни бидайдың экспортқа шығарылғанының нәтижесі. Халық қыс түспей жатып қолдағы малын сақтауға мәжбүр. Иса Мехтиоглының сөзімен айтсақ, тауығын да асырап алмай отыр.

Бұл мәселені шешу үшін кәсіпкерлер бидай экспортына мемлекеттік баж салығын енгізу керек деген пікірде. «Одан мемлекет те, халық та ұтылмайды.



20 пайыз болса да бұл қаржы бюджетті толықтырады. Әрі шикізат бағасы үнның құнымен төнеледі. Сол себепті өзге елдер «Қазақстаннан шикізат алған тиімді ме, әлде дайын өнім алған дұрыс па?» деген ойға қалады. Шикізат үшін бюджетке қосымша төлем төлеу керек. Дайын өнімге басымдық берілсе, елімізде қосымша жұмыс орындары ашылады, салық мөлшері көбейеді» деген ойын білдірді үн үту комбинатының бас директоры.

Әріптесінің пікірін қолдаған Астықты қайта өңдеушілер одағының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілі, «СевЕсильЗерно» ЖШС-нің коммерциялық директоры Таисия Колетова да осындай пікірде. «Бүгінде жемаздық мәселесі тек ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің ғана емес, қатардағы қарапайым тұрғындардың да бас ауруына айналып отыр. Сондықтан Үкіметке шикізат бағасын тұрақтандырып, соның есебінен халық тұтынатын әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен мал азығын арзандатудың маңызды екенін жеткізгіміз келеді. Бұл әрбірден соң отандық тауарды арзандатуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл ретте шикізат, яғни бидай экспортына шектеу қойып, бағасын реттеу маңызды», — деді ол. Аграрлық-өнеркәсіптік одақтың есебіне, бір тоннаға 8 500 теңге белгіленсе, отандық ұқсатуды ынталандыруға жеткілікті баға айырмашылығы пайда болады. Сондай-ақ одақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ең төменгі маржалық табыстың 10 пайызы мөлшерінде субсидия беру тетігін қарастыруды ұсынады. Бұл олардың астықты ішкі ұқсатуға беруін ынталандырады әрі бидай құны арзандаса, шығындарын өтеуге сеп.

Астық экспортына кеден салығын төлеу тәжірибесі көршілес Ресейде бар көрінеді. Әрі өз жемісін де беріп отыр екен.

ДАҒДАРЫСТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Ал біздің астық өндірушілері әзірге импортшылар өзіміздің нарығымыздан ығыстырып отыр. Дейл Карнегидің лимоннан лимонал жаса дегені секілді, олар қазақстандық бидайдан жасалған үн, кеспе, макарон сияқты өнімдерді өзімізге бірнеше есе қымбат бағаға ұсынады. Сондықтан кәсіпкерлердің пікірінше, астықты қайта өңдеу саласының болашағы — терең өңдеуде. Бұл — импорт алмастырудың негізгі факторы. Әрі мал азығына да қатысты мәселе туындамайды.

Астықты қайта өңдеушілер одағындағылардың ойынша, енгізілген шектеу-

лердің осы сала субъектілерін қолдауға да, бағаны ырықтандыруға да көк тиын пайдасы жоқ. Мұны былтыр үн экспортына енгізілген шектеулер дәлелдеп берген.

Ал қазір кебектің тапшылығын кәсіпкерлер диірменнің бос тұрғанымен байланыстырады. «Күзгі орақтан соң жағдай тұрақталады», — дейді олар. «Экспортқа еш шектеусіз-ақ ішкі нарық кебекке лық толады, әрі бағасы арзандайды. Кебек — бидайдан үн үккен кезде пайда болатын қалдық өнім. Ендеше бидай бағасы қымбаттаған сайын, кебек те қымбаттайды. Соңғы бес жыл ішінде кебек экспорттың көлемі азайып бара жатқаны байқалады. Былтыр өндірілген кебектің тек 20 пайызы экспортталды. Мұндай азын-аулақ көлем ішкі нарыққа айтарлықтай әсер ете қоймайды. Оның үстіне, бұл қалдық жемаздық болып есептелмейді. Қара мал азығының 8-10 пайызы ғана кебек, ал құс шаруашылығында ол мүлдем қажетсіз, өйткені құс өсірушілер жоғары протеинді ақуызды жемаздыққа көбірек қызығады», — дейді Таисия Хонакмедовна. Оның айтуынша, мал азығы мен азық-түлік бағасын тұрақтандыру қажет болса, оның салдарымен күресудің қажеті жоқ, себебін табу керек. Ал себеп сол шикізатқа келіп тіреледі.

«Тығрықтан шығудың жалғыз жолы — шикізат экспортына міндетті баж салығын енгізу. Сонда ғана жемаздық жеткілікті болмақ, жұмыс орындары да сақталады, кәсіпорындар да толық қуатында жұмыс істейді. Ал кебек экспортын шектеу ішкі нарықты мал азығымен қамтамасыз ету мәселесін мүлдем шеше алмайды», — дейді Тимирязев үн үту комбинатының бас директоры Иса Аллахяров.

Астық өңдеушілердің айтуынша, олар кебектің басым бөлігін оңсыз да ішкі нарыққа, әсіресе облыс аумағы мен оңтүстік өңірлерге сататын көрінеді. Былтыр Өзбекстан 3,5 миллион тонна қазақстандық бидайды сатып алып, өзін-өзі кебекпен толықтай қамтамасыз еткен. Қытай бағыты теміржолдағы қиындықтарға байланысты қазір жабық.

Диірменшілер шенуеніктердің ұқсатылған тауарға тіреліп, ал шикізат экспортын неге шектеміз отырғанын түсінбей дал. Олардың жорамалдауынша, егер осылай жалғаса берсе 2022 жылдың қысында мал азығымен және азық-түлікпен қамтамасыз етудегі дағдарыстың жаңа кезеңі басталады. Себебі басқасын айтпағанда, сөз болып отырған кебектің өзін өндіретін шикізат қалмайды.

Солтүстік Қазақстан облысы

Қазір Шымкент жақта үлкен шу. «Сәкен Майғазиев кетіп қалыпты» деген ақпараттың дақпырты жер жарып тұр. Өткен жылдың соңғы айында ғана «Түркістан» сарайына лауазымды қызметке келгенін сүйніштілеген жұрт 3-4 айдан кейін-ақ, Наурыз тойын өткізуге миллиондар жұмсапты деп Майғазиевтің басы дауға қалған-ды. Белгілі әнші наурызға жұмсалған 565 млн теңге туралы ақпаратты жалған деп бірнеше рет айтты.

Майғазиев жұмысынан кетті. Неге?

Назгүл НАЗАРБЕК

Тіпті, жуырда өзінің Instagram парақшасына оқырмандарына бейнеуінде жасап, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің тексеру нәтижесі бойынша таза болып шыққанын мәлімдеген болатын. Онда Майғазиев Шымкентке, яғни туған жеріне атақ пен байлықты, мансапты қуып келмегенін, Мәдениет басқармасының басшысы Ханзада Есенованың шақыртуымен өзінің шетелдерде алған білімін қалдырып кетуі үшін келгенін жеткізіп, сенімді сөйлеген.

Ендеше бейнемәлімдеме жасағанына 10 күн өтпей жатып, Майғазиев неге орнынан кетті?

Шымкент қаласы Мәдениет басқармасының Facebook әлеуметтік желісінің ресми парақшасында қаладағы мәдениет мекемелерінде кадрлық ауыс-түйіс болғанын хабарлапты. Кадрлық ауыс-түйісте «Сәкен Қордабайұлы шығармашылық жұмыстардың қарқын алуына байланысты «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК директоры лауазымынан жеке өтініші бойынша өз еркімен босатылды» делінген.

Бұл ақпарат шымкенттіктердің төбесінен жай түскендей әсер етті. Себебі кеше ғана шымкенттік балаларды өнерге баулып, білімін ұштауға белсене кіріскен талантты әншінің бірден қабылдаған шешімі көпшілікті ойландып тастады. Әлеуметтік желіде түрлі пікір қайшылығы жүр.

Жуырда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Telegram каналы арқылы Шымкент қаласы Мәдениет басқармасының лауазымды тұлғаларының «аса ірі көлемде пара беруге әрекет жасады» деген күдікпен ұсталғаны хабарланған болатын. «Олар мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша қылмыстық істі тоқтатуы үшін 80 миллион теңге қосымасына аса ірі мөлшерде пара беруге әрекет жасады деген күдікке ілінген. Аталған тұлғалар ұсталып, Шымкент қаласы Полиция департаментінің уақытша ұстау изоляторына қамалды» делінген ресми ақпаратта. Осынау лауазымды тұлғалардың кім екенін біле алмай жұртшылық екіұдай пікірде қалған. Себебі Мәдениет басқармасының басшысы өзінің орынбасарының, басқа да қызметкерлерінің жұмыста екенін айтып ақталған-ды. 80 миллион теңге көлеміндегі параны беруі мүмкін қай мекеме екенін білмей сан-саққа жүгіртілген әңгіме де шықты. «Наурыз тойын тойлауға бөлінген қаражатқа қатысты емес пе?» деген ой көпшіліктің көкейінде қалғаны рас. Олай болса, неге кеше ғана Наурыз тойын өткізуге қатысты тендерлерде қол қойып жүрген Сәкен Майғазиев антикордың тексеруінен аман-есен өттім деп хабарлады?! Өкінішке қарай, Наурыз тойына немесе басқа да қаржылардың заңсыз жаратылуынан болса керек, Сәкен Майғазиев басшылық жасайтын «Түркістан» сарайының есепшісі ұсталғанын естідік.

Журналист Мият Кәшібай өнер жұлдызына қатысты тағы бір заңсыздықтың бетін ашты. Бұл туралы ақпарат The Qazaq Times порталында жарияланған. Онда Шымкент қалалық мәдениет үйі Майғазиев директор болып тұрғанда Шәмші әндерінің концерті үшін ЦиMediaGroup ЖК-мен 60 млн теңгеге келісімшарт жасасқанын атап өткен. Алайда мемлекеттік сатып алу порталының мәліметі бойынша, осынау тендерді бір көзден алған компанияның мемлекеттік тіркеуге екі күн

бұрын ғана тіркелгенін өшкерелейді. Демек, 14 шілде күні ғана тіркелген компания Шәмші әндерінің концерті үшін келісімшартты 16 шілдеден бастаған. «Шымкент қалалық мәдениет үйі тіркелгеннен екі-ақ күн болған компанияға неге 60 млн теңгелік тендер берген?» деген тұрғыда айыптайды журналист.

Мемлекеттік сатып алу порталында Шәмші әндерінің концерті 15 тамызда өтуі тиіс болатын. Біз «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы» МКҚК директоры болған Сәкен Майғазиев кетіп қалған соң оның орынбасары Ғани Аманқұловқа хабарласқан едік. Өзінің мекемеге директордың міндетін атқарушы болып тағайындалғанын атап өткен ол Шәмші әндерінің концертінің өтпегенін мәлімдеді. Ғани Аманқұловтың айтуынша, карантин талаптарының күшеюіне орай жоспарланған концерт өтпей қалған. 9 тамыз күні концертті өткізбеу туралы басқармадан хат келген болатын. Алайда ол кезде мекеме басшысы Сәкен Қордабайұлы денсаулығына байланысты демалыста еді. Ол 16 тамызда жұмысқа келісімінен бірден жұмыстан кету туралы арызын жазған. Кеше мекеме басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалды. Есепшімен бірге электронды кілтті жанартып жатырмыз. Сондықтан келісімшартты бұзу туралы құжат жұмыстары енді басталады. Алайда, іс-шара өтпеді, ешқандай ақша аударылған жоқ», — деді ол. Сонымен бірге жуырда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі құрығына түскен бухгалтерге қатысты сұрағанымызда, әзірге тергеу амалдарының жүріп жатқанын, сот шешіміне қарай белгілі болатынын жеткізді.

Сонымен, Майғазиевке қатысты даудаламай көбейіп кетті. Оның жұмыстан ойдағыдай кетуіне не себеп?!
Наурыз тойына жұмсалған 565 млн теңгеге қатысты ма, әлде есепшінің антикордың құрығына ілінгені ме?! Мемлекеттік порталға тіркелгеннен бар-жоғы екі-ақ күн болған мекемеге Шәмші әндерінің өткізу үшін бақандай 60 млн теңгені сеніп тапсыруы да күдік ұялатады. Баз берулер мұны алдыңғы қаржыны жабу үшін өзілерінің ашқан «ЖК»-сы деп жатыр. Қалай болғанда да бір кілтіпанның бары рас.

Біз мәселені Майғазиевтің өзінен естігіміз келгеннен телефоны жабық тұрды. Ал осы салаға жауапты қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан денсаулығына байланысты демалыста болып шықты.

Шетелде оқып, білімін шыңдаған бірақтар лауазымды қызметте жұмыс атқарып, тәжірибе жинап келген Шыңғыс Мұқан өзіне қарасты салалардың біразына елімізге танымал тұлғаларды алып келгені белгілі. Өкінішке қарай, Шымкентті дамытамыз деп келген осынау белгілі жандардың біртіндеп кетіп жатқаны қынжылтады. Соның бірі — дарынды дәрігер, елімізге танымал нейрохирург Мынжылқы Бердіқолжаевтың да кетуіне кетуі жылдам болды. Бүгінде елімізге белгілі нейрохирургтің кетуіне қатысты да түрлі алыпқашпа әңгіме бар. Тіпті, дәрігердің өзімен сөйлескенімізде Шымкенттегі билікке ренжіп кеткендігі сынай танытты.

Одан бөлек, Ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасының басшысы болып ақпан айында ғана келген белгілі журналист Мәди Манатбектің де қызметтен кетіп қалуы күдік тұдырады. Айтпағанымыз бұл емес, әрине. Шымкентке келген танымал жандардың арыны неге басылып қалды екен?!

Шымкент қаласы



Амангелді Сейітханды еске алумен басталады

Еліміздің кәсіпқой футбол лигасы «Қазақстан кубогының» әр ойыны спорт комментаторы болған Амангелді Сейітханды еске алумен басталады» деп шешім қабылдады.

18 тамыз күні болған «Ордабасы» – «Қызылжар» арасындағы матчтан бөлек, ширек финалдағы 4 ойын да бір минут үнсіздіктен басталады. Қазақ футболының дамуына өз үлесін қосып, талай футболшылардың жалындап өнер көрсетуіне сеіптігін тигізген спорт журналисі, комментатор Амангелді Сейітханның мезгілсіз қазасы қазақ футболына ауыр тигені

рас. «Қызылжар» командасында ойнайтын ұлы Ерасыл Сейітханға да арнайы көңіл айтамыз» делінген Қазақстан футбол федерациясы таратқан хабарламада.

Спорт журналисі Амангелді Сейітхан туған жері Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылына жерленді.

М.ТӨЛЕУ

Раимова жартылай финалға шықты

Ресейдің Уфа қаласында өткізіліп жатқан жастар арасындағы әлем чемпионаты жалғасып жатыр. Енді әйелдер күресі бойынша жас балуандар өзара мықтыны анықтау үстінде. 19 тамызда Қазақстан сапынан 57 келіде сынға түскен Нилуфар Раимова жартылай финалға жолдама алды. Ол алғашқы айналымда Ресей спортшысынан, ширек финалда беларустық балуаннан басым түсті.



Маркашева (50 келі), Зейнеп Баянова (53 келі), Сандуғаш Дүйсенғалиева (55 келі), Жангүл Бұл (62 келі) және Анастасия Панасович (68 келі) жарыстан шығып қалды. Ал қос балуан, Аяжан Токташ (65 келі) пен Александра Зайцева (72 келі) қарсыластарының нәтижесін күтеді.

М.ХАҚНАЗАР

Агуэро Мессидің нөмірінен бас тартты



Испаниялық даңқты «Барселона» футбол клубының жаңа шабуылшысы аргентиналық Серхио Агуэро отандасы Лионель Мессидің 10-нөмірімен ойнаудан бас тартты.

сапына еркін агент болып кеткен Мессиге құрмет ретінде 10-нөмірді мүлде алып тастамақ еді. Алайда Примера ережелері бұған рұқсат бермеді.

Агуэро «Манчестер Ситиден» еркін агент ретінде «Барселонаға» шілде айында қосылды. Дегенмен ол жаракатына байланысты маусым басында алаңға шыға алмайды.

М.ТӨЛЕУ

«Ломбард «Сенімді іргетас» ЖШС тауар белгісі (Бірінші ломбард) 2021 жылы тамыз айының 20, 27 күні, сағат 12.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қаласы Ақсай-2 ықшамауданы 10-үй. Тел: 8(727) 268-40-37.

ТОО «Ломбард «Сенімді іргетас» товарный знак (Бірінші ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 20, 27 числа августа 2021 г., в 12.00 часов по адресу: г. Алматы, мкр. Ақсай-2 д. 10. Телефон: 8(727) 268-40-37.



Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС –
шығарушы редактор

Асқар БЕК –
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА –
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ –
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3980
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Әуесқой боксты кәсіпқойлармен толтырамыз ба?

Токио Олимпиадасы аяқталса да, ондағы сәтсіздіктің «жыры» әлі біткен жоқ. Әсіресе, жанкүйерлерді «қанымызға жақын» дейтін бокстан ұлттық құраманың жеңілісі түңілдірген болатын. Енді ел боксында үлкен өзгерістер боларына дәме бар. Дегенмен оның өзі көңіл толмас өзгеше сарында өрбитін тәрізді. Ұлттық құрама жаңа жастар буынымен толығар деп күтсек, бұрынғылардан әлі қол үзбейтін тәріздіміз.

Мадияр ТӨЛЕУ

РЕФОРМА ӨЗГЕШЕ БОЛМАҚ

Жақында Қазақстан бокс федерациясының бапкерлік мәселелер жөніндегі вице-президенті, мемлекеттік жаттықтырушы Бақтияр Артаев Токио Олимпиадасындағы сәтсіздіктен кейін командада болатын өзгерістер жайлы айтқан еді. Токио төрінде Қашыбек Қоңқабаев пен Сәкен Бибосынов қана жартылай финалға жетіп, екеуі де қола жүлде алғанын білеміз. Артаевтың айтуынша, енді бокстан ұлттық құрама мүшелерінің 80 пайызы өзгермек екен.

– Ұлттық құрамдан ешкім кеткен жоқ. Бірақ Олимпиадаға барған құрама 80 пайызға өзгерді. Өйткені резерв бар, өсіп келе жатқан жастар бар. Бізде кәсіпқой бокста жүрген жігіттер де бар. Бәрімен келіссөздер жүргізілді. Кәсіпқой бокста жүрген жігіттердің бәрі келуге дайын, – деген болатын ол.

Аңғарсақ, федерация ұлттық құраманы енді кәсіпқой боксшылармен толтырмақшы екен. Артаевтың айтуына қарасақ, бәрі келуге дайын секілді. Дегенмен бұл бокстағы дұрыс реформа болады деп айтуға келе ме? Сонда жастардан мықты шықпай, кәсіпқой боксшыларға зар болдык па? Олардың екі ортада жүруге келісе қоятынына күмән бар. Ал Бақтияр Артаев биыл Сербияда өтетін әлем чемпионатына кәсіпқой боксшылармен баруымыз мүмкін екенін айтып қалды. Биылдан бастап АІВА ережесіне сәйкес, жігіттер 13 салмақ дәрежесі бойынша өнер көрсетеді. Ал қыздарымыз 12 салмақ дәрежесінде бокстаспақ. «Әлем біріншілігіне нағыз



мықтыларды апарамыз. Сол кезде басқа боксты көрсетеді. Олимпиаданың қателігін де сол жерде жөңдейміз», – деп атап өтті Артаев. Сонымен, бокстағы реформа жастар арқылы емес, бұрыннан

– Менің ойымша, бұл Олимпиададағы сәтсіздікке өкпелеген елді уақытша тыныштандырудың амалы тәрізді. Жақсы, кәсіпқой бокста бағын сынап жүргендерді ұлттық құрамаға аттай қалап шақыртар-

жүрген Данияр Елеусиновке хабарласқан едік. Боксшының ұлттық құрама сапында өнер көрсетуі әлі де ниеті бар тәрізді. Бірақ спортшысы қазір кәсіпқой боксты бірінші кезекке қояды. Сол себепті «бірнеше талабыма көнсе, құрама сапында жүріп, ел атынан шығуға келісемін» дейді.

– Егер негізгі жарыстарға, яғни әлем чемпионатында күш сынауға шақырып жатса ұлттық құрамаға қосылып, көмек беріп кетуге болады. Бірақ ол менің кәсіпқой бокстағы мансабыма кедергі келтірмейуі тиіс. Қазір салмақ дәрежелері де ауысып отырады. Мен 67 келіге де, 71 келіге де шыға аламын. Маған соның 67 келісі дұрысырақ болатын шығар. Себебі кәсіпқой бокста 66,7 келіде шығып жүрмін. Бір жағынан өзімнің де талабым бар. Чемпионаттарда төрешілер құрамы «кәсіпқой бокстан келді» деп қысым көрсетпесе, әділдік танытса, шығуға болады, – дейді Данияр Маратұлы.

Қош, кәсіпқой боксшылардың келісімін алып, кей талабын көңілді бокстан ұлттық құраманы алға жетелерміз. Бірақ неше жылға дейін? Бәлкім, үш жыл, бес жылға дейін созылар. Одан кейінгі кезекте кімге жүгінеміз? Кәсіпқой бокста жүрген спортшылардың ұлттық құрамдан гөрі, сол кәсіпқой боксты бірінші кезекке қоятыны айтпаса да белгілі. Сондықтан кәсіпқойлар арқылы ұлттық құраманы алға тартамыз деу жансақ пікір тәрізді. Бұл тұста жаңа буынды, яғни дарынды жастарды ұмыт қалдырғандаймыз. Егер олар бүгін ел абыройын асқататуға мүмкіндік ала алмаса, келешекке қалдыру бекершілік болмай ма?

Егер негізгі жарыстарға, яғни әлем чемпионатында күш сынауға шақырып жатса ұлттық құрамаға қосылып, көмек беріп кетуге болады. Бірақ ол менің кәсіпқой бокстағы мансабыма кедергі келтірмейуі тиіс. Қазір салмақ дәрежелері де ауысып отырады.

данқы шыққан кәсіпқой боксшылар арқылы жүзеге аспақ. Енді осыған қатысты бапкер мен кәсіпқой боксшы пікірін білсек.

«ЖАСТАР ЖАРЫҚҚА ШЫҒА АЛМАЙ ҚАЛДЫ»

2000 жылы өткен Сидней Олимпиадасының финалына төрт қазақ боксшысын шығарған Қазақстан бокс құрамасының бұрынғы бас бапкері Тұрсынғали Еділовтің қазіргі қазақ боксына көңілі толмайтынын байқап жүрміз. Кезінде Бекзат Саттархановтай жастарды алауды доланын төріне шығарған бапкердің тәжірибесі мен біліктілігіне көпшілік шек келтірмейді. Осы жолы да данқты бапкер «ұлттық құраманы кәсіпқой боксшылармен толтырамыз» дегенді сыңа алып, дұрыс тәсіл емесін айтып отыр.

Бірақ Жәнібек Әлімханұлы, Садридин Ахметов (бұл қатарды толықтыра беруге болады) сияқты профессионал боксшылар келісе қоя ма? Меніңше, келісі келмес. Оларға мұның керегі де жоқ. Себебі артынан өкшелеп келе жатқан дарынды жастар көп. Алайда ол жастар сол күйі «жарыққа» шыға алмай жатыр. Әйтпесе, осы жолы да 63 келіде, 91 келі салмақта басқа дарынды жастар болды. Соларды алар болса қайда қалды? Ал кәсіпқой бокста топ спортшылардан Ұлттық құрамаға қайыр күту ақылға сыймайды, – дейді бапкер.

«КӨМЕК БЕРІП КЕТУГЕ БОЛАДЫ»

Осы мәселеге байланысты біз 2016 жылы Рио Олимпиадасының чемпионы атанып, осы күні кәсіпқой бокста жақсы нәтиже көрсетіп

Башқортстаннан олжалы оралды

Ресейдің Башқортстан Республикасының астанасы Уфа қаласында жасөспірімдер мен жастар арасында грэпплинг UWW күресінен өткен әлем біріншілігінде Қазақстан намысын қорғаған жетісулық жастар мен жасөспірімдер толайым табысқа жетті. Дүниежүзінің үздіктері жиналған байрақты бөсекеде облысымыздың 13 спортшысы сынға түсіп, 5 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль жеңіп алып, туған жерге мерейлері тасып оралды.

Нұрбек Мырзалинов, Дарын Кенжебай, Артем Хван, Ботакөз Елдосқызы мен Ескендір Юлдашев сынды мықтылар алтыннан алқа тақса, Зулар Шарафулинов, Диас Анвар және Данагүл Талғатқызы күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал Аняят Сзыдықов, Анар Ақан, Нұрайым Мұнайғас, Дильназ Үсенова қола жүлдені қанжығаларына байлады.

Жас спортшылардың жарқын жетістігі желпіндірген жетісулықтар жеңімпаздарды Алматыдан облыс орталығына кіреберісте, күрежолдың бойына орналасқан «Жастар» спорт сарайының алдында құрметпен қарсы алып, әлемдік доланын дүлдесірін алқалады. «Сіздер бүгінгі күннің батырларысыздар, ел мақтанышысыздар! Бак пен бап қатар сыналған сындарлы шақта жігерлік танытып, жеңістің жалауын желбіреткен спортшыларды шын жүректен құттықтаймын! Алдағы жарыстарына да жеңіс тілеймін!» – деген Алматы облыстық Дене шынықтыру және



спорт басқармасы басшысының орынбасары Алмат Үшкөмпіров жиналған жұрт алдында Уфадан жеңіспен оралғандарды жұлестері атынан құттықтады. Жиналған жұртшылық жеңімпаздардың құшағын гүлге толтырып, ізгі тілектерін білдірді.

Команданы Башқортстанға бастап барған бапкер Айдос Мұсабаев: «13 спортшымың 12-сі жүлде алды. Қадеттер арасында Дарын Кенжебай чемпион атанды. Ол 2019 жылы Бакуде балалар арасында өткен әлем біріншілігінде де жеңіске жеткен. Ал төрт

қызымыз күміс және қола жүлдені еншіледі. Жастар арасында Ботакөз Елдосқызы екі дүркін әлем чемпионы атанды. Нұрбек Мырзалинов деген спортшымен жастар арасындағы жарыста топ жарды. Алдағы жоспарымыз бұдан да биік межені бағындыру», – деп шәкірттерінің өнеріне жоғары баға берді. Енді, оларды қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін әлем біріншілігі күтіп тұр.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы